

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**ҚАЗАҚСТАН-АМЕРИКАНДЫҚ ЕРКІН УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСТАНСКО-АМЕРИКАНСКИЙ СВОБОДНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ**

**ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ КАФЕДРАСЫ
КАФЕДРА ПЕДАГОГИКИ И ПСИХОЛОГИИ**

**6В01301 «БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ (ІР)»
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПРОГРАММА
6В01302 «НАЧАЛЬНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ (ІР)»**

**ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ
КАТАЛОГ ДИСЦИПЛИН**

**2025-2029 оқу жылдары
2025-2029 учебные годы**

**Өскемен / Усть-Каменогорск
2025**

УДК 378.2 (574)(035)

Пәндер каталогы (2025-2029 оқу жылдары). Анықтама. – Өскемен, 2025.
Қалың оқырмандарға арналған.

Каталог дисциплин (2025-2029 учебные годы). Справочник. – Усть-Каменогорск, 2025.
Для широкого круга читателей.

Академиялық комитет әзірлеген
Разработан Академическим комитетом

ҚАЕУ Оқу және ғылыми-әдістемелік кеңесі отырысында қаралып, талқыланған
(25.05.2025ж. № 5 хаттама)

Рассмотрен и обсужден на заседании Учебного и научно-методического совета КАСУ
(протокол № 5 от 25.04.2025г.)

ҚАЕУ Ғылыми Кеңес шешімімен бекітілген (13.05.2025ж. № 09 хаттама)
Утвержден решением Ученого Совета КАСУ (протокол № 09 от 13.05.2025г.)

Анықтамалық басылым
Справочное издание

© Қазақстан-Американдық
Еркін Университеті, 2025
© Казахстанско-Американский
свободный университет, 2025

Құрметті Қазақстан-Американдық еркін университетінің білім алушысы!

Алдыңызда Сіздің мамандығыңыздың **оқу пәндерінің каталогы**.

Пәндер каталогы - оқытудың күтілетін нәтижелерін көрсете отырып, оқыту кезеңіндегі барлық пәндердің қысқаша сипаттамасын қамтитын жүйеленген аннотациялық тізім. Пәндер каталогында әр оқу пәнінің пререквизиттері мен постреквизиттері көрсетіледі. Пәндер каталогы білім алушылар үшін оқытудың жеке траекториясын дербес, жедел, икемді және жан-жақты қалыптастыру мүмкіндігін жасау мақсатында құрылады. Пәндер каталогы, шын мәнінде, білім алушының жеке оқу жоспарын (ЖОЖ) құрастырудағы көмекшісі болып табылады.

Оқытудың кредиттік технологиясында барлық оқу пәндері 3 циклге жіктелген – Жалпы білім беру пәндері (ЖБП), Базалық пәндер (БП) және Бейіндік пәндер (БП). Бұл циклдердің әрқайсысының ішінде оқу пәндері 3 түрге бөлінеді - Міндетті компонент, ЖОО компоненті және Таңдау бойынша компонент (элективті, яғни таңдалған оқу пәндері).

ЖБП циклінің міндетті компонентінің пәндері Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беретін пәндер циклінің үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес келеді және олар осы білім беру бағдарламасындағы студенттердің барлығына оқытылады. ЖОО компоненті мен таңдау компонентін университет еңбек нарығының қажеттіліктерін, жұмыс берушілердің үміттерін және студенттердің жеке мүдделерін ескере отырып дербес анықтайды.

Пәндер каталогы білім алушылардың таңдауы үшін элективті оқу пәндерінің тізімін пререквизиттер мен постреквизиттердің, пәннің қысқаша сипаттамасы және күтілетін нәтижелерімен ұсынады.

Элективті оқу пәндерінің ұсынылған тізімінен білім алушы тандап алынған оқу траекториясына сәйкес өзіне қызықты пәндерді таңдай алады.

Сіздің жеке оқу жоспарыңызға енгізу үшін осы каталогтың көмегімен элективті оқу пәндерін қалай таңдауға болады?

1. Сіздің оқу траекторияңызға сәйкес элективті оқу пәндерін таңдауды жүзеге асыруға эдвайзер көмектеседі.
2. Берілген семестрде элективті оқу пәндеріне белгіленген үлгідегі оқу жоспарымен барлығы қанша кредит бөлінгенін эдвайзерден анықтап сұраңыз.
3. Сіз оқып жатқан оқыту түрі бойынша берілген семестрдегі элективті оқу пәндерінің тізімімен танысыңыз.
4. Сізді қызықтыратын элективті оқу пәндерінің сипаттамасын оқып шығыңыз және өз таңдауыңызды жасаңыз.
5. Сіз тандап алған кредит санының белгіленген үлгідегі оқу жоспары бойынша талап етілетін кредит санына сәйкестігін тексеріңіз.

Сондай-ақ, Сізге оқу жылы ішінде демалыс күндерін (каникулдар мен мерекелерді) көрсете отырып, оқу сабақтарын, аралық бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды, кәсіби практикаларды өткізу күнтізбесі болып табылатын білім беру бағдарламаңыздың **Академиялық күнтізбесі** көмекке ұсынылады. Академиялық күнтізбе сайтта орналастырылған kafu.edu.kz.

БАКАЛАВРИАТ

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

6B01302 БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ

1 КУРС

ПӘННІҢ СИПАТТАМАСЫ

**ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ ПӘНДЕРІ (ЖБП)
МІНДЕТТІ КОМПОНЕНТ (МК)**

Пәндер циклі	Пәннің коды	Пәндер атауы	Кредит саны	Семестр	Пререквизиттері	Постреквизиттері	Бақылау нысаны
ЖБП	КТ 1101	Қазақстан тарихы	5	2	Қазақстан тарихы (мектеп курсы)	Философия	Мемлекеттік емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
Ежелгі адамдар және көшпелі өркениеттің қалыптасуы. Адамның тарихқа дейінгі эволюциясы. Ежелгі металлургия кезеңіндегі көшпелілер өркениетінің қалыптасуының алғышарттары. Атқа міну мәдениетінің генезисі. Түркі өркениеті және Ұлы Дала. Монғол кезеңіне дейінгі Орталық Азиядағы түркі тілдес этностардың этномәдени интеграциясы кезеңдері. Ұлы Дала Алтын Орда кезеңінде (XIII-XV ғғ.). Қазақ халқының қалыптасуы. «Қазақ» этнонимі. Қазақ жүздері. Қазақ хандығы XV-XVI ғғ. Қазақ хандығы XVII – XVIII ғ. Басында. Қазақтардың XIV – XVIII ғғ. басындағы мәдениеті. Жаңа дәуірдегі Қазақстан (XVIII - XX ғ. басы). XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақ хандығының сыртқы саяси жағдайы. Қазақстандағы отарлық дәуірдің басталуы. ХҮІІІ ғасырдың соңындағы Қазақстан және Орта			1. Қазақстан тарихының негізгі даму кезеңдерін білу мен түсіну бойынша білімін жүйелеуге дағдылану және жалпы адамзаттық және әлеуметтік-тұлғалық, рухани және мәдени құндылықтарын қалыптастыру, отансүйгіштік тәрбиелеу мақсатында ақпаратты жинау және түсіндіру; 2. сыни талдау негізінде тарихи өткеннің құбылыстары мен оқиғаларын адамзат қоғамының дүниежүзілік тарихи дамуының ортақ ұстанымдарымен ұштастыра білу, дәлелді мағлұматтардың негізінде қазіргі қоғамдық мәселелерді шешу жолын түсіндірудегі деректерді жіктеуге үйрету; 3. Қазақстандағы қазіргі замандағы құбылыстар мен тарихи				

Азия мемлекеттері. Қазақстанда Ресейдің әкімшілік-саяси жүйесінің енгізілуі (ХҮІІІ ғасырдың соңғы ширегі – ХХ ғ. басы). Жер мәселесі. Көшпелі қоғамның әлеуметтік құрылымы. Қазақ халқының отаршылдыққа қарсы халық-азаттық күресі. Қазақстан мәдениеті (ХVІІІ – ХХ ғ. басы). «Алаш» қозғалысы және ұлттық мемлекет идеясы. Кеңестік кезеңдегі Қазақстан. Қазақстан Қазан төңкерісі және кеңес үкіметінің орнауы кезеңінде. Мемлекеттік құрылыстың кеңестік үлгісінің іске асырылуы. 20 ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы кеңестік реформалардың қайшылықтары мен салдары. Қазақстандағы «қайта құру» саясаты. Тәуелсіз Қазақстан. Қазақстан тәуелсіздігінің жариялануы және ҚР мемлекеттік құрылысы. Экономикалық дамудың қазақстандық үлгісі. Қоғамдық-саяси даму және рухани даму. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты және халықаралық қатынастары.			үдерістері зерттеу оқиғаларының барысы мен салдарын тарихи сипаттау мен талдау тәсілдерін меңгеру және мәнін ашу; 4. қазіргі қазақстандық даму моделінің ерекшеліктерін және маңыздылығын дәлелдеу және анықтауға үйрету, заманауи қазақстандық даму үлгісінің ішкі ерекшеліктерін объективті және жан-жақты зерделей білу; 5. тарихи-мәдени дамудың үздіксіздігі мен ортақтық ұғымдарын, Қазақстанның рухани мұрасының терең тамырларын салыстыру және тарихи сипатама жасау тәсілін меңгеру; 6. Қазақстан тарихының үдерістері мен тарихи құбылыстарды жүйелеу және сыни баға беру, дүниетанымдық қағидалардың қалыптасуының маңыздылығын анықтау және жан-жақты ескеру; 7. қоғамның тарихи құбылыстар мен оқиғалардың себеп салдарына аналитикалық және аксиологиялық талдаулар жасау дағдысын меңгеру, 8. кәсіби қарым-қатынас, этикалық, құқықтық, ақпараттық, экономикалық мәдениетті және ойлау мәдениетін қалыптастыруға, сондай-ақ кәсіби қызметте ары қарай білім алуды өзіндік жалғастыру үшін қажетті оқу дағдылары мен іскерлікті қалыптастыру.				
ЖБП	К(О)Т 1103/1104	Қазақ (орыс) тілі	10	1,2	жоқ	жоқ	Емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
Пән студенттердің мектепте оқу кезінде алған қазақ тілі бойынша білімдерін қайталай отырып, оны тереңдетуге және жүйелеуге, сондай-ақ студенттерді қазақ тілінде, оның ішінде таңдалған білім беру бағдарламасына сәйкес оларды әрі қарайғы қызметке дайындау мақсатында практикалық сабақтардың көмегімен білімдерін толықтыруға және тереңдетуге арналған.			1. Тіл үйренушінің мемлекеттік тілді қарым-қатынас құралы ретінде еркін қолдануы, айтылым, жазылым, оқылым, тыңдалым әрекеттерін пайдалану арқылы қазақ тілінің грамматикалық және лексикалық тақырыптары бойынша және осы саладағы озық білімге негізделген білімі мен түсініктерін көрсету; 2. Берілген мәтіндерді мәнерлеп оқып, қазақ тілінде жарияланған БАҚ, интернет сайт материалдарымен түпнұсқада танысып, оны әртүрлі сөздіктермен аудару және білімі және түсінігін кәсіби деңгейде білім мен түсінуді қолдану, дәлелдерді қалыптастыру және оқылатын мәселелерді шешу; 3. Білім алушының тіл үйрену процесін тежейтін психологиялық				

			кедергілерді жеңе отырып, қоғам мүшелерінің арасында өзара сенім, сыйластық, түсіністікке қол жеткізуі, түрлі мәселелерге қатысты өзіндік көзқарас, ұстанымдары туралы әлеуметтік, этикалық және ғылыми пайымдауларды ескере отырып, пайымдауларды қалыптастыру үшін ақпаратты жинау мен түсіндіруді жүзеге асыру; 4. Оқылатын салада күнделікті және кәсіби қарым-қатынас жағдайларына қажетті ақпаратты, идеяларды, мәселелерді және шешімдерді оқу - практикалық және кәсіби міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімді қолдану; 5. Оқылатын салада теориялық білімді практикада қолдана білудің, оқу ақпаратын іздеу, талдау және өңдеу тәсілдерін меңгеру бойынша икем, дағдыларын, тәсілдер мен дағдыларды дербес анықтау, жалпы оқу іскерліктерін, зерттелетін салада қосымша білім алуды, одан әрі оқуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқыту дағдылары; 6. Тілдік категориялардың ішкі, сыртқы аспектілерін саралап, түрлі қырынан талдауда, пәндердің қалыптасып, даму принциптері бойынша ғылыми зерттеулер мен академиялық хаттардың әдістерін білу және оларды оқылатын салада қолдану; 7. Оқылатын салада тілді оқытудың өзекті мәселелері, сыни ойлауды, көшбасшылық сапаларды, қарым-қатынас, төзімділікті, креативтілікті, жинақылықты қалыптастыруда олардың арасындағы күрделі тәуелділік, құбылыстар, теориялар мен фактілерді түсіну және білімін қолдану; 8. Жалпы адамзаттық және әлеуметтік-тұлғалық, рухани және мәдени құндылықтарын қалыптастыру, отансүйгіштік, Қазақстан Республикасы халықтарының достығы, әр түрлі мәдениеттерге, салт-дәстүрлерге құрмет көрсету рухында тәрбиелеу мақсатында академиялық адалдық принциптері мен мәдениетінің мәнін түсіну.				
ЖБП	ShT 1105/1106	Шетел тілі	10	1,2	жоқ	жоқ	Емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
Бұл пән тілдік үлгілер мен грамматикалық құрылымдар, практикалық сабақтар, тренингтер және оқытылатын тілде еркін сөйлеушілермен			1. Курстың талаптарына сәйкес келетін Грамматикалық материал мен сөздік қорын білу және түсіну;				

жұмысты меңгеру, сөздік қорды кеңейту, мәдениетаралық қарым-қатынас пен ағылшын тілінде сөйлеу дағдыларын дамыту арқылы тұрмыстық, мәдени, кәсіби және ғылыми қызметтің әртүрлі салаларындағы әлеуметтік-коммуникативтік міндеттерді шешу үшін шет тіліндегі коммуникативтік құзыреттілік деңгейін одан әрі жетілдіруге арналған.			2. Ақпаратты есту арқылы қабылдау және зерттелген тақырыптар бойынша сұрақтарға жауап беру, берілген тақырыптар бойынша диалог құру үшін білім мен түсініктерді қолдану; 3. Модуль пәндерін білу және түсіну арқылы пайымдауды қалыптастыру; 4. Оқығанның, көргеннің маңыздылығы туралы қорытынды жасаудың коммуникативті қабілеттері; 5. Оқыту дағдылары (оқуға қабілеттілік): уақытты басқару; мәтіндік және өзге де материалдарды (әсіресе телебағдарламаларды) тиімді пайдалану; телеконференция режимінде жұмыс істей білу; топта жұмыс істей білу. 6. зерттелетін саладағы озық білімге негізделген зерттелетін саладағы білім мен түсінікті көрсету; 7. кәсіби деңгейде білім мен түсініктерді қолдану, дәлелдерді тұжырымдау және зерттелетін саланың мәселелерін шешу; 8. Әлеуметтік, этикалық және ғылыми пайымдауларды ескере отырып, пайымдауларды қалыптастыру үшін ақпаратты жинауды және түсіндіруді жүзеге асыру; 9. зерттелетін саладағы оқу-практикалық және кәсіби міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімді қолдану; 10. оқытылатын салада одан әрі оқытуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқыту дағдылары; 11. ғылыми зерттеу және академиялық жазу әдістерін білу және оларды зерттелетін салада қолдану; 12. зерттелетін салада фактілерді, құбылыстарды, теорияларды және олардың арасындағы күрделі тәуелділіктерді білу мен түсінуді қолдану; 13. Академиялық адалдық принциптері мен мәдениетінің маңыздылығын түсіну.				
ЖБП	АКТ 1107	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	5	1	Информатика (мектеп курсы)	жоқ	Емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
Бұл пән қарапайым және кәсіби қызметте адамдармен байланыс жасаудың қазіргі заманғы әдістері мен құралдарын, ақпаратты іздеу, жинау, сақтау,			1) осы саладағы озық білімге негізделген зерттелетін саладағы білім мен түсінікті көрсету: ақпараттық процестер; Ақпараттық жүйелерді				

өңдеу және тарату үшін ақпараттық технологияларды қолдануды қарастырады. Қоғам дамуының негізгі секторларындағы АКТ рөлі. АКТ саласындағы стандарттар. Компьютерлік жүйелерге кіріспе. Компьютерлік жүйелердің архитектурасы. Бағдарламалық қамтамасыз ету. Операциялық жүйелер. Адам мен компьютердің өзара әрекеттесуі. Деректер базасының жүйелері. Деректерді талдау. Деректерді басқару. Желілер мен Телекоммуникациялар. Ортақ валюта. Интернет-технологиялар. Бұлтты және мобильді технологиялар. Мультимедиялық технологиялар. Ақылды технологиялар. Электрондық технологиялар. Электрондық бизнес. Электрондық оқыту. Электрондық үкімет. Кәсіби саладағы ақпараттық технологиялар. Өнеркәсіптік АКТ. АКТ-ның даму болашағы.	жүйелі талдау және синтездеу негіздері; ұйымның бизнес-процестерінің және/немесе АКТ-жобаларының пәндік саласын модельдеу әдістемесі; ұйым қызметін бағалау құралдары; жобаларды бағалау құралдары; басқару жүйелерін құру және жетілдіру тәсілдері бизнесті жүргізудің қазіргі жағдайында ұйымдастыру; презентацияларды дайындау және өткізу технологиялары. 2) кәсіптік деңгейде білім мен түсінікті қолдануға, зерделенетін саланың: ұйымның бизнес-процестеріне және/немесе АКТ-жобаларына бизнес-мақсаттар мен бизнес-талаптарды айқындау кезінде; ұйымның бизнес-процестеріне және/немесе АКТ-жобаларына бизнес-талдау жүргізу тәсілдерін таңдау және жоспарлау кезінде дәлелдер тұжырымдауға және проблемаларын шешуге; ұйымның бизнес-процестеріне және/немесе АКТ жобаларына бизнес-талдау жүргізу үшін мүдделі тараптардың сауалнамасының нәтижелерін талдау кезінде. 3) тиісті кәсіптік, ғылыми проблемалар бойынша әлеуметтік, этикалық және ғылыми пайымдауларды; өзінің кәсіптік қызметінің маңыздылығы мен салдарын ескере отырып, пайымдауларды қалыптастыру үшін ақпарат жинауды және түсіндіруді жүзеге асыруға құқылы. 4) зерттелетін салада оқу-практикалық және кәсіби міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімді қолдануға: байланыс орнату, әңгімелесуді қолдау, бір мезгілде қарым-қатынас жасау дағдылары, келіссөздер жүргізу және өзінің заңды құқықтарын талап ету қабілеті; кәсіби қарым-қатынастың стандартты емес, проблемалық жағдайларында тез әрекет ету. 5) оқытылатын салада одан әрі оқуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқыту дағдылары: тайм-менеджмент; мәтіндік және басқа материалдарды (әсіресе телевизиялық бағдарламаларды) тиімді пайдалану; жаңалықтар топтары режимінде жұмыс істей білу; топта, әсіресе оқытушысыз жұмыс істей білу; жазбалар жүргізе білу, жазбаша жұмыстарды орындау және емтихандарға дайындық; ауызша презентациялар, қоғамдық пікірталастар және материалдың аналитикалық экспозициясы, саяси пікірталастар, компаға келуге
--	---

			және серіктестікке дайын болу, алған білімдерін пайдалана отырып, серіктестерге әсер ете білу. Зияткерлік меншікті модельдеу және негіздері саласында ғылыми, арнайы және мерзімді әдебиеттермен жұмыс істеу дағдыларына ие болу. 6) ғылыми зерттеулер мен академиялық жазу әдістерін білуге және оларды ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында қолдануға; 7) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы фактілерді, құбылыстарды, теорияларды және олардың арасындағы күрделі тәуелділіктерді білу және түсіну; 8) командада және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы бірлескен жобаларда жұмыс істеу кезінде әріптестермен кәсіби өзара іс-қимылда академиялық адалдық қағидаттары мен мәдениетінің маңыздылығын түсіну.				
ЖБП	Але 1108	Әлеуметтану	2	1	жоқ	Философия	Емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
Пән әлеуметтану ұғымын, тақырыбын, функцияларын зерттеуге арналған. Әлеуметтанулық зерттеулердің әдістері, социологиялық зерттеудің кейбір түрлерін социологиялық білімге негізделген дамыту туралы білім қалыптасады; әлеуметтанулық зерттеулердің пәні мен әдісінің ерекшеліктері, әлеуметтанулық зерттеудің әдіснамасын әзірлеуге қажетті қолданыстағы теориялық тәсілдер, ұғымдық аппарат; әлеуметтік шындыққа әртүрлі зерттеулер жүргізу әдістемесі.			1. Жалпыадамзаттық және әлеуметтік-тұлғалық, рухани және мәдени тұлғаларды қалыптастыру, Қазақстан Республикасы халықтарының достығы мен патриоттық рухында тәрбиелеу, әртүрлі мәдениеттерге, салт-дәстүрлерге құрмет көрсету мақсатында ақпаратты жинау мен түсіндіруді жүзеге асыру; 2. Теориялық және қолданбалы негіздерін, әлеуметтану ғылымының жұмыс істеу заңдылықтарын көрсету; 3. Кәсіби қызметте одан әрі оқуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті кәсіби коммуникация, экологиялық, физикалық, этикалық, құқықтық, ақпараттық, экономикалық мәдениет және ойлау мәдениеті дағдыларын қолдану; 4. Классикалық және заманауи социологиялық теорияларды білу; 5. Әлеуметтану саласындағы заманауи зерттеулердің негізгі бағыттары мен нәтижелерін білу; 6. Әлеуметтанулық саладағы мамандарға да, маман еместерге де ақпарат, идеялар, проблемалар мен шешімдерді хабарлау; 7. Қазіргі қоғамның мәселелерін талдауға, жобалауға және				

			болжауға дұрыс көзқарас дағдылары; 8. академиялық адалдық қағидалары мен мәдениетінің маңызын түсіну.				
ЖБП	Saya 1109	Саясаттану	2	1	Қазақстан тарихы, Дүние жүзі тарихы (мектеп курсы)	Философия	Емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
Саясаттану курсы жалпы білім беру болып табылады және әртүрлі білім беру бағдарламаларының студенттерін саясаттану негіздерімен таныстыруға және саясат, оның негізгі аспектілері, проблемалары, заңдылықтары және қоғамдық өмірдің басқа салаларымен өзара әрекеттесуі туралы жалпы түсінік қалыптастыруға арналған.			1) саяси Білім саласындағы озық білімге негізделген саясаттану саласындағы білімі мен түсінігін көрсету; 2) білімдер мен түсініктерді кәсіби деңгейде қолдану, аргументтерді тұжырымдау және саясаттану проблемаларын шешу; 3) Әлеуметтік, этикалық және ғылыми пайымдауларды ескере отырып, пайымдауларды қалыптастыру үшін ақпаратты жинауды және түсіндіруді жүзеге асыруға міндетті; 4) саясаттану саласындағы оқу-практикалық және кәсіби міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімдерін қолдану; 5) саясаттану ғылымында одан әрі оқуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқыту дағдылары; 6) ғылыми зерттеулер мен академиялық жазудың әдістерін білу және оларды саясаттану ғылымында қолдану; 7) фактілерді, құбылыстарды, теорияларды және олардың арасындағы күрделі тәуелділіктерді білу мен түсінуді саясаттану саласында қолдану; 8) академиялық адалдық қағидалары мен мәдениетінің маңызын түсіну.				
ЖБП	Mad 1110	Мәдениеттану	2	2	Әлеуметтану, Саясаттану	Философия	Емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
Мәдениеттану-20 ғасырда қалыптасқан гуманитарлық пән. Ол қазіргі өркениеттің, рухани және материалдық мәдениеттің даму проблемаларын, халықтардың діни көзқарастарының қалыптасуын, әлемдік мәдениеттің даму тарихының кезеңдері мен кезеңдерін жүйелі талдау дағдыларын қалыптастырады, өнердегі негізгі бағыттармен, мәдениет пен өркениеттің			1) әлеуметтік-мәдени білім саласындағы озық білімге негізделген мәдениеттану саласындағы білім мен түсінуді көрсету; 2) жалпыадамзаттық және әлеуметтік-тұлғалық, рухани және мәдени құндылықтарды қалыптастыру, Қазақстан Республикасы халықтарының достығы мен отансүйгіштік рухында тәрбиелеу, түрлі				

өзара әрекеттесуімен таныстырады.			мәдениеттерге, салт-дәстүрлерге құрмет көрсету мақсатында ақпаратты жинау мен түсіндіруді жүзеге асыру; 3) мәдениеттану білімі мен түсінігін кәсіби деңгейде қолдану, аргументтерді қалыптастыру және мәселелерді шешу; 4) кәсіби қарым-қатынасты, экологиялық, физикалық, этикалық, құқықтық, ақпараттық, экономикалық мәдениетті және ойлау мәдениетін қалыптастыру үшін қажетті, сондай-ақ кәсіби қызметте одан әрі оқуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқыту дағдылары мен іскерліктер; 5) мәдениеттану саласындағы оқу-практикалық және кәсіби міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімді қолдану; 6) ғылыми зерттеулер мен академиялық жазудың әдістерін білу және оларды мәдениеттануда қолдану; 7) фактілердің, құбылыстардың, теориялардың және олардың арасындағы күрделі тәуелділіктердің білімін және түсінігін мәдениеттану тұжырымдамалары саласында қолдану; 8) мәдени үдерістердің заңдылықтарын, олардағы әлеуметтік-мәдени институттардың, тетіктердің және т. б. орны мен рөлін білу және түсіну.; 9) Академиялық адалдық қағидалары мен мәдениетінің маңызын түсіну.				
ЖБП	Psi 1111	Психология	2	2	жоқ	Білім берудегі психология және өзара әрекеттесу мен коммуникация тұжырымдамалары	Емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
"Психология" пәні психиканың танымдық, эмоционалды-еріктік,			1. Ұлттық сана қалыптастыру мән мәтініндегі тұлғааралық				

мотивациялық және реттеуші салаларын, тұлға, ойлау, қарым-қатынас және қызмет мәселелерін сипаттайтын жалпы психология саласындағы іргелі ұғымдарды зерттеуге арналған. Психология туралы жалпы түсінік психология ғылымы, әдістемесі және әдістері ретінде қарастырылады. Адамның жеке ерекшеліктері туралы тұтас көзқарасты қалыптастырады. Таңдалған мамандықты ескере отырып, адамның жеке ерекшеліктері туралы, сондай-ақ болашақ кәсіби қызметтің психологиялық аспектілері туралы тұтас көзқарасты қалыптастырады.			қарым-қатынас пен тұлға түсінігін білу және түсіну; 2. Ұлттық сана қалыптастыру мән мәтініндегі тұлғааралық қарым-қатынас пен тұлға түсінігі туралы білімі мен түсініктерін көрсету; 3. Психология тәсілдері мен әдістері саласында одан әрі оқуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқыту дағдылары, кәсіби құзыреттілігін арттыру үшін зерттелетін саладағы проблемаларды шешу және дәлелдерді қалыптастыру; 4. Дүниетаным мен сананы қалыптастырудағы тұлға құрлымының теориялық және практикалық білімді қолдану; 5. Психология аясында психологиялық ақпаратты жинау және түсіндіру; 6. Гармониялық тұлғаны дамыту факторы ретінде тиімді тұлғараралық қарым-қатынастың тиімділігі туралы пікір қолдану; 7. Әртүрлі типтегі тұлғалардың тұлғааралық қарым-қатынасын талдау үшін тиімді коммуникацияның психологиялық технологияларын диагностикалық практикада түсі; 8. Бағдарламаны жүзеге асыру мен қоғамдық түсінудің модернизациялау негіздері ретінде тұлғаның тиімді тұлғааралық қарым-қатынастың психологиялық стратегияларын білудің дағдылары. Академиялық адалдық қағидаттары мен мәдениетінің маңыздылығын түсіну, психодиагностикалық процесс барысында клиенттермен жұмыс жасауда Психологтың этикалық кодексін сақтау				
ЖБП	DSh1(2)112	Дене шынықтыру	4	1,2	жоқ	жоқ	Емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
Дене шынықтыру – білімнің гуманитарлық міндетті құрамдас бөлігі, оның маңыздылығы рухани және физикалық күштерді үйлестіру, денсаулық, физикалық және психологиялық тұрақтылық, физикалық жетілдіру сияқты жалпыға ортақ адами құндылықтарды қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады.			1. Осы саладағы озық білімге негізделген, зерттелетін саладағы білімі мен түсініктерін көрсету; Білім алушылардың дене тәрбиесі мен салауатты өмір салты негіздерін біліу және адамның кемелденуі мен маманды даярлаудағы дене тәрбиесінің рөлін түсіну; 2. Білімі және түсінігін кәсіби деңгейде қолдану, зерттелетін саладағы проблемаларды шешу және дәлелдерді қалыптастыру; Қазақстан Республикасының дене шынықтыру және спорт саласындағы Мемлекеттік саясат негіздерін білу.				

	3. Әлеуметтік, этикалық және ғылыми жинақтарды ескере отырып, пайымдаулар жасау үшін ақпаратты жинау және түсіндіру. 4. Мамандарға да, маман еместерге де ақпараттар, идеялар, проблемалар мен шешімдер туралы хабарлау; Өзінің функциялық және қозғалыс мүмкіндіктерін көтеру үшін, жеке және кәсіби мақсаттарына жету үшін дене тәрбиесі-спорт қызметін қолдану туралы пікір айтуды қалыптастыру. 5. Зерттелетін салада қосымша білім алуды жалғастыру үшін қажетті оқу дағдыларын қалыптастыру, Кәсіби қарым-қатынас жағдайларының коммуникативтік мүмкіндіктері; Теориялық білімді практикада қолдана білудің дағдылары. 6. Денсаулықтарын сақтауды және нығайтуды, психофизикалық қабілеттері мен қасиеттерін дамытуды және жетілдіруді қамтамасыз ететін тәжірибелік іскерліктері мен дағдылары жүйесін қалыптастыруда (жалпы дене және спорттық-техникалық даярлық жөніндегі бекітілген нормативтерді орындай отыра) түсінгенін қолдану. 7. Оқытудың дәстүрлі технологиялары мен дидактикалық құралдарын және АКТ пайдалана білу;саралап, интеграциялы, дамытпалы оқытуды және оқытудың құзіреттілік тәсілі мен өзіне тән ерекшеліктерін білу және түсіну. 8. Дене тәрбиесінің тұлғаны дамытудағы және оны кәсіби қызметке дайындаудағы
--	--

ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР (ТАҢДАУ КОМПОНЕНТІ) (ЭП)

Пәндер циклі	Пәннің коды	Пәндер атауы	Кредит саны	Семестр	Пререквизиттері	Постреквизиттері	Бақылау нысаны
ЖБП	ZZhGA 1113	Зерттеудің жалпы ғылыми әдістері	5	1	Қазақстан тарихы (мектеп бағдарламасының шегінде)	жоқ	Емтихан

Пәннің қысқаша сипаттамасы	Күтілетін нәтижелер
Пәнді оқудың мақсаты мектепке дейінгі білім берумен байланысты зерттеулерде ғылыми әдістерді қолдану дағдыларын қалыптастыру, дербес ғылыми-зерттеу қызметіне қабілетін дамыту болып табылады. Пәннің мазмұны ғылыми зерттеу негіздерін, деректерді жинау, талдау және түсіндіру әдістерін, мектепке дейінгі білім беру саласында ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру, жүргізу ерекшеліктерін зерделеуді, жеке зерттеу жобаларын әзірлеу, іске асыру бойынша практикалық дағдыларды игеруді қамтиды.	1) зерттелетін саладағы озық білімге негізделген білім мен түсінікті көрсету: ғылыми зерттеудің тұжырымдамалары мен әдістері, ғылымдардың жіктелуі, ғылыми зерттеу жұмыстарының кезеңдері; 2) философиялық, жалпы ғылыми, жеке және арнайы әдістерді пайдалана отырып, теориялық және эмпирикалық сипаттағы ғылыми зерттеулер жүргізу арқылы білім мен түсінікті кәсіби деңгейде қолдану, дәлелдер тұжырымдау және зерттелетін саланың мәселелерін шешу; 3) ғылыми зерттеу әдістемесі туралы, ғылыми зерттеудің негізгі құрылымдық элементтері туралы, зерттеу объектісі мен пәнінің жұмыс істеуі мен өзара әрекеттесу механизмдері туралы әлеуметтік, этикалық және ғылыми пікірлерді ескере отырып пайымдауларды қалыптастыру үшін ақпаратты жинау және түсіндіру; 4) зерттелетін саладағы оқу, практикалық және кәсіптік міндеттерді шешу үшін, атап айтқанда, ғылыми жобаны жазу және қорғау кезінде, ғылыми-зерттеу жұмысын жоспарлау кезінде, зерттеу тақырыбын тандауда, ғылыми ақпарат көздерін тандауда теориялық және практикалық білімді қолдану; 5) оқытылатын сала бойынша одан әрі білім беруді өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқу дағдылары: әдебиеттегі ғылыми білім көздерінің алуандығын түсіну, фигураларды, графиктерді құру, формулалар мен кестелерді белгілеу, ғылыми ақпаратты құрастыру және ұсыну, ғылыми зерттеудің әртүрлі әдістері мен әдістерін қолдана отырып деректерді өңдеу; 6) ғылыми зерттеу және академиялық жазу әдістерін білу және оларды зерттелетін салада, оның ішінде философиялық, жалпы ғылыми, арнайы және нақты әдістерді қолдану, сондай-ақ ғылыми стиль мен баяндау тілін ұстану, зерттелетін материал бойынша қорытынды жасай білу;

			7) зерттеу объектілері мен субъектілері туралы ақпаратты ғылыми өңдеу арқылы ғылыми зерттеуді жазу және қорғау кезінде зерттелетін салада фактілерді, құбылыстарды, теорияларды және олардың арасындағы күрделі тәуелділіктерді білу және түсінгенін қолдану; 8) академиялық адалдық принциптері мен мәдениетінің маңыздылығын түсіну, атап айтқанда, техникалық әдістерді пайдалана отырып, ұсынылған жұмыстың өзіндік ерекшелігін дәлелдеу, сондай-ақ пайдаланылған ақпарат көздеріне сілтемелерді дұрыс беру.				
ЖБП	KSZhKMN 1114	Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері	5	1	Қазақстан тарихы (мектеп бағдарламасының шегінде)	жоқ	Емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
Пән сыбайлас жемқорлықтың пайда болу тұжырымдамасын, мәні мен себептерін қалыптастырады; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін моральдық-адамгершілік және құқықтық жауапкершілік шаралары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қолданыстағы заңнама туралы білім қалыптастырылады; құқық ұғымын, көздерін, субъектілерін, әдістерін зерделеуге арналған. Қазақстан Республикасының құқығындағы жауапкершілік институтына сипаттама беріледі. ҚР Ұлттық құқығының конституциялық құқық, Әкімшілік құқық, қылмыстық құқық, Азаматтық құқық, Отбасы құқығы, еңбек құқығы, Халықаралық құқық сияқты салалары зерделенуде.			1) құқықтық ғылымда және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетте пайдаланылатын ұғымдардың, қағидаттар мен санаттардың негізгі мазмұнын білу мен түсінуді көрсету; 2) білім мен түсініктерді кәсіби деңгейде қолдану, құқық негіздері саласындағы дәлелдерді тұжырымдау және мәселелерді шешу; 3) әлеуметтік, этикалық және ғылыми жинақтарды ескере отырып, пайымдаулар қалыптастыру үшін құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпаратты жинауды және түсіндіруді жүзеге асыру; 4) құқық негіздері саласындағы оқу-практикалық және кәсіби міндеттерді шешу үшін, сондай-ақ заңнамалық актілерді дұрыс түсіндіру үшін теориялық және практикалық білімді қолдану; 5) құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет пен ойлауды қалыптастыру, сондай-ақ зерттелетін салада одан әрі оқытуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқыту дағдыларын меңгеру;				

			6) ғылыми зерттеулердің әдістерін және академиялық хатты білу және оларды құқық негіздері мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет саласында қолдану; 7) азаматтарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің дамуы мен қалыптасу ерекшеліктерін білу және түсіну; 8) жалпы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің элементі ретінде Академиялық адалдық принциптері мен мәдениетінің маңыздылығын түсіну.				
ЖБП	ETDTK 1115	Экология, тұрақты даму және тіршілік қауіпсіздігі	5	1	Биология, Химия, Физика, География және Математика (орта мектеп бағдарламасы ның шегінде)	жоқ	Емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
Пәнді оқытудың мақсаты студенттердің экология саласындағы кешенді білімдері мен дағдыларын, тұрақты даму қағидаттарын қалыптастыру және тұрақты даму мақсаттары аясында білім беру ұйымдарында тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады. Пән адам мен қоршаған ортаның өзара іс-қимылы, табиғатты тұрақты пайдалану, сондай-ақ заманауи экологиялық проблемалар мен олардың алдын алу әдістері мәселелерін қамтиды. Өскелең ұрпақта экологиялық тәрбие мен экологиялық мәдениетті қалыптастыру мәселелеріне, білім беру мекемелері мен төтенше жағдайларда балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігін қорғау шараларына, сондай-ақ санитарлық-гигиеналық жағдайларды қамтамасыз етуге және ресурстарды ұтымды пайдалануға ерекше назар аударылады.			1. Экология, тұрақты даму және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі саласындағы қазіргі ғылыми түсініктерге негізделген білімді және түсінікті, сондай-ақ педагогикалық мақсат қою мен оқыту стратегияларын жобалауға бағытталған әдістерді меңгергенін көрсету. 2. Қоршаған ортаны қорғау, тұрақты даму және өмір тіршілігінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету салаларындағы теориялық және практикалық мәселелерді негіздеп шешу үшін алынған білімді кәсіби деңгейде қолдану. 3. Экологиялық, әлеуметтік және техногендік ақпаратты этикалық, құқықтық және ғылыми тұрғыдан ескере отырып жинау, талдау және түсіндіру, тұрақты даму саласында негізделген шешімдер қабылдауға ықпал ету. 4. Экология, тұрақты даму және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі саласында өз бетінше білім алуға және өзін-өзі дамытуға қажетті дағдыларды меңгеру, жаһандық сын-				

			кәтерлер мен инновациялық тәсілдерді есепке ала отырып. 5. Мамандарды және жалпы жұртшылықты экология, тұрақты даму, қоршаған ортаның жай-күйі және өмір тіршілігінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары бойынша тиімді ақпараттандыру. 6. Адам мен қоршаған ортаға антропогендік факторлардың әсерін зерттеуге қажетті оқу және кәсіби дағдыларды қалыптастыру, жарақаттайтын және зиянды әсерлерді анықтау, алдын алу және азайту принциптерін меңгеру. 7. Тұрақты даму, экологиялық қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы ақпаратты, идеяларды, дәйектер мен мүмкін шешімдерді нақты және сауатты жеткізу, мақсатты аудиторияға бейімдей отырып. 8. Экология және тұрақты даму саласында оқыту және кәсіби қызмет барысында академиялық адалдық қағидаларын сақтау мен қолданудың маңыздылығын түсіну.				
ЖБП	EKKSН 1116	Экономика, кәсіпкерлік және қаржылық сауаттылық негіздері	5	1	Адам, қоғам, құқық Алгебра және анализ бастамалары Тарих География (мектеп пәні).	жоқ	Емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
Пән экономика, кәсіпкерлік және қаржылық сауаттылық принциптері мен тұжырымдамаларын жан-жақты түсінуді қалыптастырады. Ол нарықтардың, бизнестің және экономиканың жұмыс істеуіне, сондай-ақ жеке қаржыны басқаруға негізделген негізгі теорияларды, құралдар мен құрылымдарды қамтиды. Пәннің мақсаты-білім алушыларға экономика мен кәсіпкерліктің іргелі принциптерін, бюджетті құру, жинақтау стратегиясы, инвестициялар, несиелеу және сақтандыру сияқты жеке қаржыны басқару мәселелерін түсінуге көмектесу. Бұл оларға бизнесте, қаржыда, экономикада және басқа да байланысты салаларда мансапты			1. Жалпыадамзаттық және әлеуметтік-тұлғалық, рухани және мәдени құндылықтарды қалыптастыру, Қазақстан Республикасы халықтарының патриотизмі мен достығы рухында тәрбиелеу, түрлі мәдениеттерге, салт-дәстүрлерге құрмет көрсету үшін мейрамхана ісі мен қонақ үй бизнесінің теориялық негіздерін білу және түсіну. 2. Жобаларды әзірлеу, іске асыру және енгізу кезінде жалпы экономикалық қағидаттарды қолдануды ескере отырып,				

жалғастыруға берік негіз береді, олар кірістер мен шығыстарды есептеу, қаржылық қауіпсіздік жастығын қалыптастыру, салық жүйесі мен қаржылық тәуекелдерден қорғану негіздерін түсіну бойынша практикалық дағдыларды алады және сыни ойлау дағдыларын, проблемаларды шешу дағдыларын және аналитикалық қабілеттерді дамытуға көмектеседі, бұл кез-келген салада табысқа жету үшін қажет.

ғылыми зерттеулер мен академиялық жазу әдістерін көрсету және оларды зерттелетін салада, оның ішінде мемлекеттік және шет тілдерінде қолдану.

3. Кәсіпкерлік бойынша кәсіби деңгейде білім мен түсініктерді қолдану, дәлелдер тұжырымдау және экономикалық мәселелерді шешу, қаржылық сауаттылық дағдыларын қолдану.

4. Жалпыадамзаттық және әлеуметтік-тұлғалық, рухани және мәдени құндылықтарды қалыптастыру, Қазақстан Республикасы халықтарының патриотизмі мен достығы рухында тәрбиелеу, түрлі мәдениеттерге, салт-дәстүрлерге құрмет көрсету мақсатында ақпаратты жинау мен түсіндіруді жүзеге асыру.

5. Кәсіпкерлік қызметтің, жалпы экономиканың және қаржылық сауаттылықтың оқу-практикалық және кәсіби міндеттерін шешу үшін теориялық және практикалық білімді қолдану.

6. Экономикалық теория бойынша одан әрі оқытуды өз бетінше жалғастыру, сондай-ақ бизнес пен кәсіпкерлікті дамыту бойынша оқыту үшін қажетті оқыту дағдыларына ие болу.

7. Кәсіби коммуникацияны, экологиялық, дене шынықтыру, этикалық, құқықтық, ақпараттық, экономикалық мәдениет пен ойлау мәдениетін қалыптастыру үшін, сондай-ақ нәтижелерді алу үшін кәсіби қызметте одан әрі оқуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті білім мен дағдыларды пайдалану.

8. Қаржылық сауаттылық біліміне сүйене отырып жеке бюджетті құра білу.

9. Экономикалық ғылымдар саласындағы фактілерді, құбылыстарды, теорияларды және олардың арасындағы күрделі тәуелділіктерді білу мен түсінуді, ұйымдастыруды басқаруды және экономика саласындағы шешімдерді қабылдауды, статистикалық деректерді жинау мен талдауда, жобалық басқаруда, сондай-ақ өндірістік саладағы, денсаулық

	сақтау саласындағы экономикалық процестерді ұйымдастыруда, маңызды шешімдер қабылдаумен байланысты басқаруда, сондай ақ сауатты қаржылық жоспарлау саласында. 10. Пәнді оқу нәтижесінде Академиялық адалдық принциптері мен мәдениетінің маңыздылығын түсіну.
--	--

**БАЗАЛЫҚ ПӘНДЕР (БП)
ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ КОМПОНЕНТІ (ЖООК)**

Пәндер циклі	Пәннің коды	Пәндер атауы	Кредит саны	Семестр	Пререквизиттері	Постреквизиттері	Бақылау нысаны
БП	BZhEFDE 1202	Балалардың жас ерекшелік және физиологиялық даму ерекшеліктері	3	2	жоқ	Бастауыш мектеп педагогикасы, Инклюзивті білім беру ортасы	Емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
Болашақ мұғалімдер психиканың қалыптасуымен, оның қызметімен және даму заңдылықтарымен танысады. Болашақ мұғалімдер білім алушылардың дауымен бақылай алады және соған сай жас ерекшеліктеріне сәйкес оқу үрдістерін жоспарлап, жүзеге асыра алады және білім алушылардың жеке қажеттіліктерін ескере алады. Болашақ мұғалімдер әр түрлі жағдайларда шығармашылық тұрғыда және жағдаятқа сай әрекет ете алады және жалпы білім беру мен білім алушылардың игілігін сақтай алады			1) әр білім алушылардың бастапқы кезеңдерін, олардың оқу әлеуеті мен нақты қолдау қажеттіліктерін тани алады; 2) өз білім алушыларына нақты қолдау, жетекшілік ету, оқыту және бағалауға қатысты жеке қажеттіліктерін қарастыра алады; 3) инклюзия мен нақты қолдау көрсету үшін әртүрлі әдіснамалық шешімдермен танысады.				
БП	ZhIN 1210	Жасанды интеллект негіздері	3	2	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	жоқ	Емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
Пән жасанды интеллект (ЖИ) және оны әртүрлі салаларда қолдану саласындағы			1. Заманауи жасанды интеллект технологиялары туралы				

базалық білім мен дағдыларды қалыптастырады және бекітеді. Оқу барысында студенттер жасанды интеллекттің негізгі тұжырымдамалары мен әдістерімен, соның ішінде машиналық оқытумен, нейрондық желілермен, табиғи тілді өңдеумен танысады. Студенттер жасанды интеллектпен жұмыс істеу үшін әртүрлі құралдар мен бағдарламалық жасақтаманы қолдана алады, қарапайым модельдер жасай алады, сонымен қатар жасанды интеллект технологияларын жүзеге асыратын заманауи онлайн платформаларды сынап көруге мүмкіндік алады.	білім мен түсінікті және олардың кәсіби ортада қолданылуын, соның ішінде қазіргі ЖИ құралдарында, қызметтерінде және алгоритмдерінде бағдарлау дағдыларын көрсету. 2. Кәсіби мәселелерді шешу үшін практикалық деңгейде ЖИ құралдарын қолданыңыз: деректерді талдау, мәтіндерді құру, кескіндер, бейнелер жасау және таңдалған мамандыққа сәйкес келетін сандық мазмұнның басқа түрлері. 3. Инфографиканы, бақылау тақталарын және кәсіби талаптарға сәйкес келетін деректердің құрылымдық көріністерін құру дағдыларын қоса алғанда, ЖИ көмегімен ақпаратты талдауды, түсіндіруді және визуализациялауды жүзеге асыру. 4. Тұжырымдамаларды белгілі бір саланың міндеттеріне бейімдей отырып, тиімді өндіріс арқылы ЖИ жүйелерімен өзара әрекеттесу әдістерін игеру және нақты және тиісті нәтижелерге қол жеткізу үшін сұраныстарды онтайландыру. 5. Мамандықтағы нақты қолдану сценарийлеріне бағытталған Автоматтандыру элементтері бар чатботтар мен мультимедиялық қосымшаларды әзірлеуді қоса алғанда, қарапайым ЖИ шешімдерін жобалау және енгізу. 6. Тиімділік, шығындар, ыңғайлылық және кәсіби контекстке сәйкестік критерийлеріне сүйене отырып, тапсырманың шарттарына байланысты ЖИ құралдарын таңдау және негіздеу. 7. Жасанды интеллект қолдану нәтижелерін ауызша және жазбаша түрде ұсыну, хабарламаларды кәсіби және пайдаланушы аудиториясына бейімдеу, соның ішінде визуалды сүйемелдеу және шешім таңдау аргументі. 8. Дереккөздерді дұрыс көрсетуді, генеративті құралдарды саналы түрде пайдалануды және ашықтық пен жауапкершілік принциптерін сақтауды қоса алғанда, ЖИ-мен жұмыс істеу кезінде цифрлық этика мен академиялық адалдықты сақтау.
--	--

ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР (ТАҢДАУ КОМПОНЕНТІ) (ЭП)

Пәндер циклі	Пәннің коды	Пәндер атауы	Кредит саны	Семестр	Пререквизиттері	Постреквизиттері	Бақылау нысаны
КП	КК(О)ТН 1213	Қазіргі қазақ (орыс) тілі негіздері	5	1	жоқ	Бастауыш мектеп оқушыларына тілдік білім беру әдістемесі, Сөйлеу қабілетін қалыптастыру бойынша практикум, Сауаттылық пен көркем жазуға оқыту әдістемесі	Емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
Бұл курстың мақсаты ана тілінде өзара әрекеттесу саласында коммуникативтік және лингвистикалық құзыреттілік пен бастауыш мектепте пәндерді оқыту саласындағы теориялық білімдерді қалыптастыру болып табылады. Болашақ мұғалімде ана тілі жайлы қарым-қатынас, ойлау, өзіндік ерекшелігін таныту құралы ретінде түсінік қалыптасады. Сондай-ақ ана тілінің бөлімдері туралы теориялық білімдерін жинақтап, коммуникативті дағдыларын кеңейтеді.			1) ана тілінің ерекшелігін, мәнерлілігін, басқа тілдермен байланысын түсінеді; 2) фонетика, лексикология, синтаксис және тілдің басқа бөлімдеріндегі лингвистикалық білімді біріктіреді және қолданады; 3) оқушылармен, ата-аналармен, әріптестермен өзара әрекеттесу үшін ақпаратты жазбаша және ауызша түрде ұсынады; 4) коммуникативті және сөйлеу жағдаяттарында педагогикалық мәселелерді жеке және бірлескен түрде шешеді.				
КП	PR 1214	Педагогикалық риторика	5	1	нет	Сөйлеу қабілетін қалыптастыру бойынша практикум	Емтихан

Пәннің қысқаша сипаттамасы	Күтілетін нәтижелер
Бұл курстың мақсаты педагогикалық құзыреттіліктің келесі бағыттарын арттыру болып табылады: Өзара әрекеттесуге арналған құзыреттілік саласы Педагогтердің жұмыс ортасы үшін құзыреттер саласы. Курс студенттерде кәсіби коммуникативтік құзыреттіліктің қажетті деңгейін қалыптастыруға; студенттерді шешендік өнердің, іскерлік сөйлеудің негіздерін, тиімді қарым-қатынас әдістерін табысты меңгеруге дайындауға бағытталған	1) Қарым – қатынас дағдыларын дамыту-сөйлеу мәнерін жағдайға және аудиторияға сәйкес бейімдей отырып, ауызша және жазбаша хабарламаларды тиімді және сауатты құру мүмкіндігі; 2) риторикалық әдістер мен әдістерді игеру – педагогикалық қызметте сендіру, дәлелдеу және аудиторияға әсер етудің әртүрлі әдістерін қолдана білу. көпшілік алдында сөйлеу дағдылары-дәрістер, семинарлар, пікірталастар өткізудегі сенімділік пен құзыреттілік, аудиторияның назарын басқара білу және коммуникацияны тиімді жүргізу; 3) сөйлеу жағдайларын талдау және түсіндіру қабілеті қарым-қатынас стратегияларын бағалау, сөйлеу қателіктерін анықтау және жою, сөйлеудің қабылдау мен оқудың тиімділігіне әсерін түсіну қабілеті; 4) эмоционалды интеллекттің дамуы-оқушылардың эмоционалды жағдайын ескеру, оның оқу процесіне әсерін ескеру және жағымды және өнімді атмосфера құру үшін сөйлеуін түзету мүмкіндігі; 5) қарым-қатынастың педагогикалық технологияларын игеру-оқушылардың мотивациясын арттыру, олардың оқу процесіне қызығушылығын қолдау және сыныптағы тиімді өзара әрекеттесу үшін риторикалық әдістерді қолдану.

2 КУРС

ПӘННІҢ СИПАТТАМАСЫ

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ ПӘНДЕРІ (ЖБП) МІНДЕТТІ КОМПОНЕНТ (МК)

Пәндер циклі	Пәннің коды	Пәндер атауы	Кредит саны	Семестр	Пререквизиттері	Постреквизиттері	Бақылау нысаны
--------------	-------------	--------------	-------------	---------	-----------------	------------------	----------------

ЖБП	Fil 2102	Философия	5	3	Қазақстан тарихы, Әлеуметтану	жоқ	Емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
Пән келесі негізгі тақырыптарды оқытудан тұрады: мәдениет философиясының пәні, орны және рөлі; философияның қалыптасуы; философиялық білімнің құрылымы; болмыс туралы ілім; диалектика; детерминизм және индетерминизм. Әлем картинасының ғылыми, діни және философиялық тұжырымдамаларына түсінік беріледі. Адам, қоғам және мәдениет, адам және табиғат туралы оқытылады. Қазіргі заманның жаһандық проблемаларына, сондай-ақ өркениет пен болашақ сценарийлерінің өзара іс-қимылына сипаттама беріледі.			1) философия саласындағы озық білімге негізделген, дүниетанымдылық көзқарас саласындағы білімі мен түсініктерін көрсету және жалпы адамзаттық және әлеуметтік-тұлғалық, рухани және мәдени құндылықтарын қалыптастыру рухында тәрбиелеу мақсатында ақпаратты жинау және түсіндіру; 2) философия бағытындағы кәсіби деңгейде білім мен түсінуді қолдану, дәлелдерді қалыптастыру және оқытылатын саладағы мәселелерді шешу; 3) дүниетанымдылық, әлеуметтік, этикалық және ғылыми жинақтарды ескере отырып, пайымдаулар қалыптастыру үшін ақпаратты жинауды және түсіндіруді жүзеге асыру және кәсіби қарым-қатынас, экологиялық, дене, этикалық, құқықтық, ақпараттық, экономикалық мәдениетті және ойлау мәдениетін қалыптастыруға, сондай-ақ кәсіби қызметте ары қарай білім алуды өзіндік жалғастыру үшін қажетті оқу дағдылары мен іскерлікті қалыптастыру; 4) жалпы білім беру саласындағы оқу-практикалық және кәсіби міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімді қолдану; 5) жалпы білім беру саласында одан әрі оқуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті ғылыми монографиялар оқыту дағдылары; 6) философия ғылыми зерттеулердің әдістерін және академиялық хатты білу және оларды оқытылатын салада қолдану; 7) философия бағытындағы әртүрлі салада фактілерді, құбылыстарды, теорияларды және олардың арасындағы күрделі тәуелділікті білу және түсіну; 8) заң шеңберінде академиялық адалдық принциптері мен мәдениетінің маңызын ұғыну.				

ЖБП	DSh1(2)112	Дене шынықтыру	4	3,4	Дене шынықтыру	жоқ	Емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
Дене шынықтыру – білімнің гуманитарлық міндетті құрамдас бөлігі, оның маңыздылығы рухани және физикалық күштерді үйлестіру, денсаулық, физикалық және психологиялық тұрақтылық, физикалық жетілдіру сияқты жалпыға ортақ адами құндылықтарды қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады.			1) осы саладағы озық білімге негізделген, зерттелетін саладағы білімі мен түсініктерін көрсету; білім алушылардың дене тәрбиесі мен салауатты өмір салты негіздерін біліу және адамның кемелденуі мен маманды даярлаудағы дене тәрбиесінің рөлін түсіну; 2) білімі және түсінігін кәсіби деңгейде қолдану, зерттелетін саладағы проблемаларды шешу және дәлелдерді қалыптастыру; қазақстан республикасының дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясат негіздерін білу; 3) әлеуметтік, этикалық және ғылыми жинақтарды ескере отырып, пайымдаулар жасау үшін ақпаратты жинау және түсіндіру; 4) мамандарға да, маман еместерге де ақпараттар, идеялар, проблемалар мен шешімдер туралы хабарлау; өзінің функциялық және қозғалыс мүмкіндіктерін көтеру үшін, жеке және кәсіби мақсаттарына жету үшін дене тәрбиесі-спорт қызметін қолдану туралы пікір айтуды қалыптастыру; 5) зерттелетін салада қосымша білім алуды жалғастыру үшін қажетті оқу дағдыларын қалыптастыру, кәсіби қарым-қатынас жағдайларының коммуникативтік мүмкіндіктері; теориялық білімді практикада қолдана білудің дағдылары; 6) денсаулықтарын сақтауды және нығайтуды, психофизикалық қабілеттері мен қасиеттерін дамытуды және жетілдіруді қамтамасыз ететін тәжірибелік іскерліктері мен дағдылары жүйесін қалыптастыруда (жалпы дене және спорттық-техникалық даярлық жөніндегі бекітілген нормативтерді орындай отыра) түсінгенін қолдану; 7) оқытудың дәстүрлі технологиялары мен дидактикалық құралдарын және акт пайдалана білу;саралап, интеграциялы, дамытпалы оқытуды және оқытудың құзіреттілік тәсілі мен өзіне тән ерекшеліктерін білу және түсіну; 8) дене тәрбиесінің тұлғаны дамытудағы және оны кәсіби қызметке				

**БАЗАЛЫҚ ПӘНДЕР (БП)
ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ КОМПОНЕНТІ (ЖООК)**

Пәндер циклі	Пәннің коды	Пәндер атауы	Кредит саны	Семестр	Пререквизиттері	Постреквизиттері	Бақылау нысаны
БП	BBTGONT 2203	Білім беру туралы ғылым және оқытудың негізгі теориялары	3	4	Бастауыш мектеп педагогикасы	Білім берудегі жаһандық келешектер	Емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
Болашақ мұғалімдер оқытудың әртүрлі теориялары мен педагогикалық үлгілеріне жетелейтін тұлғаның тұжырымдамалық бейнелері сияқты педагогика ғылымының негіздерін меңгереді. Теориялық тұжырымдамаларды түсіну негізінде болашақ мұғалімдер әртүрлі оқу жағдайларына сәйкес педагогикалық таңдау жасай алады			1) адам тұжырымдамалары мен олардың оқуды түсінудегі және білім беру үдерісін жобалаудағы маңызын ажыратады; 2) оқыту теориялары мен олардың оқуды түсінудегі және білім беру үдерісін жобалаудағы маңызын ажыратады; 3) жан-жақты оқыту үдерісіне қолайлы оқыту теориялары мен педагогикалық үлгілерді қолданады.				
БП	BBPOAKT 2204	Білім берудегі психология және өзара әрекеттесу мен коммуникация тұжырымдамалары	4	4	Психология, Бастауыш мектеп педагогикасы	Оқытуды жоспарлау және оқытуды дербестендіру, Сөйлеу қабілетін қалыптастыру бойынша практикум	Емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
Болашақ мұғалімдер заманауи психологиялық теориялар мен үлгілер, сондай-ақ тұлғаның қызметі және оның жеке қасиеттері туралы білімге ие. Олар бұл білімді әртүрлі білім беру мәнмәтінінде мұғалімдік қызметінде қолдана алады. Болашақ мұғалімдер білім беру үрдісінде диалогты, өзара әрекеттесуді және қарым-қатынасты дамыта отырып, білім алушылардың қолайлы дамуына ықпал етеді. Олар білім алушылардың отбасыларымен, сондай-ақ серіктестіктің басқа			1) педагогикалық психологияның негізгі ұғымдары мен терминдерін меңгеріп, психологиялық-педагогикалық білімді практика жүзінде қолданудың негізгі салаларын біледі; 2) оқу және тәрбие үдерісіндегі адамның танымдық және жеке даму заңдылықтарын, фактілер мен құбылыстарды талдайды; 3) әр түрлі деңгейдегі білім беру ортасын жобалау, сараптау				

да түрлері шеңберінде қарым-қатынас жасауға, өзара әрекеттесуге және ынтымақтасуға және өздерінің педагогикалық қызметін дамытуға қолайлы жаңа өзара байланыстар жасауға қабілетті			және түзету мәселелерін шешуде кешенді тәсілді қолданады; 4) үздіксіз оқыту тұжырымдамасын адамның когнитивті және жеке даму үрдісінің бөлігі ретінде түсінеді; 5) жеке, қоғамдық және желілік деңгейлердегі қарым-қатынас пен өзара әрекеттестіктің негізгі тұжырымдамалары мен теорияларын қолданады; 6) оқуға көмектесу үшін ең қолайлы қарым-қатынас пен өзара әрекеттесу әдістерін таңдай алады (офлайн, онлайн, аралас, гибридті); 7) қолайлы орта қалыптастыруға және дамуына ықпал ететін әрекет жасай алады.				
БП	ZDI 2205	Зерттеулер, даму және инновациялар	5	3	Зерттеудің жалпы ғылыми әдістері	Педагогикалық зерттеулер, Бастауыш мектеп оқушысының зерттеу қызметін дамыту, Бастауыш сыныптарда жобаларды құру	Емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
Осы курстың мақсаты кәсіби даму және өзара іс-қимыл саласында құзыреттерді қалыптастыру болып табылады. Қазіргі заман деңгейінде болу, өзін және жұмысын үнемі дамыту мүмкіндігіне ие болу үшін болашақ мұғалімдер зерттеуге негізделген жаңа білім алады және білім беру мен мұғалім кәсібінің дамуына, әртүрлі желілерде оқытудың инновациялық тәсілдеріне, сонымен қатар білім алушыларды оқыту мен басқаруға қатысты зерттеулер жүргізеді. Болашақ мұғалімдер дамуға бағытталған ойлау тәсілін меңгереді, қоғамда және білім беру ортасында болып жатқан өзгерістер контекстінде оқытудың инновациялық тәсілдері мен технологияларын әзірлеуге, жаңартуға және қолдануға қабілетті. Болашақ мұғалімдер мұғалім ретіндегі жұмысының			1) жақсартуға болатын бағыттарды табу үшін өзінің кәсіби жұмысы мен жұмыс ортасын бағалайды; 2) өзінің кәсіби іс-әрекетінде зерттеуге негізделген тәсілді қолданады және өз бетінше зерттеу жұмыстарын жүргізеді; 3) зерттеу үдерістерінің этикалық тұстарын ескереді және қолданады; 4) бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу үшін деректерді жинау және пайдалану кезінде сыни тұрғыдан ойлауды қолданады; 5) ғылыми зерттеулерге қатысады және/немесе				

ғылыми дәлелді дамуы туралы білу үшін шағын зерттеу жобасын әзірлейді. Олар өздерінің зерттеу тақырыбын/сұрақтарын анықтайды, әдебиеттерге шолу жасайды және зерттеу этикасын қоса алғанда, деректерді жинау және талдау әдіснамасын әзірлейді. Курсты аяқтағаннан кейін болашақ мұғалімдер этикалық жүргізілген зерттеулер және әзірлемелердің негізінде педагогикалық іс-әрекетін дамытып, жаңарта алады, сонымен қатар зерттеу жобаларын жүзеге асыра алады немесе оларға қатыса алады. Сондай-ақ олар өздерінің зерттеулері мен әзірлемелерінің нәтижелерін әртүрлі кәсіби тәсілдермен және арналармен ұсына алады. Құзыреттілікті көрсететін болашақ спорт педагогтары: жақсарту бағыттарын табу үшін өзінің кәсіби қызметі мен жұмыс ортасын бағалайды; өзінің кәсіби қызметіне зерттеуге негізделген тәсілді қолданады және тәуелсіз зерттеу жұмысын жүргізеді; зерттеу рәсімінің әдеп аспектілерін ескереді және қолданады; ақпаратты жинау және талдау кезінде сыни ойлауды қолданады; ғылыми зерттеулерге қатысады және/немесе университеттер мен мүдделі тараптар арасындағы ынтымақтастықты дамытады; өзінің жеке зерттеу қызметін құжаттайды және қарым-қатынастың әртүрлі нысанын қолдана отырып, нәтижелерін ұсынады.			университеттер мен мүдделі тараптар арасындағы ынтымақтастықты дамытады; 6) әр түрлі коммуникация формаларын пайдалана отырып, өзінің ғылыми-зерттеу қызметін құжаттайды және нәтижелерді ұсынады.				
БП	IBVO 2206	Инклюзивті білім беру ортасы	3	4	Психология, Бастауыш мектеп педагогикасы, Балалардың жасерекшелік және физиологиялық даму ерекшеліктері, Бастауыш мектептегі тәрбиелеу жұмысының теориясы және технологиясы	Бағалау және дамыту, Оқытуды жоспарлау және оқытуды дербестендіру, Бастауыш сыныптардағы қашықтықтан оқыту	Емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				

Болашақ мұғалімдер оқыту үдерісінде білім алушылардың әртүрлілігін түсінеді, сондай-ақ олардың өмірі мен оқу жағдаяттарын ескеру мүмкіндігіне ие. болашақ мұғалімдер тиісті АКТ, үйретуші және көмекші технологияларды қолдана отырып, білім алушыларды оқытуды және оларды білім беру үдерісіне қосуда қолдайды. Болашақ мұғалімдер қауымдастықпен (мұғалімдер, білім алушылар, ата-аналар/қамқоршылар) ынтымақтастықта, психологиялық және этикалық тұрғыдан олардың әл-ауқатын қолдайды			1) әр түрлі оқушылар тобына қатысу мен оқуға әсер ететін жеке білім беру қажеттіліктерін анықтайды; 2) білім алушылардың оқуын қолдау және оларды білім беру үдерісіне қосу үшін АКТ және көмекші технологияларды пайдаланады; 3) ынтымақтастық пен инклюзияға ықпал ететін құндылықтар мен тәсілдерді үйретеді; 4) қоғамдастықтың ынтымақтастығын қолдайды (мұғалімдер, білім алушылар, ата-аналар/қамқоршылар).				
БП	PZ 2209	Педагогикалық зерттеулер	4	4	Зерттеудің жалпы ғылыми әдістері, Зерттеулер, даму және инновациялар	Бастауыш мектеп оқушысының зерттеу қызметін дамыту, Бастауыш сыныптарда жобаларды құру	Емтихан, курстық жұмыс
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
Бұл курс болашақ мұғалімдерге педагогикалық зерттеулердің теориялық негіздерін береді. Болашақ мұғалімдер түрлі сенімді көздерден теориялық білімді іздеу және сыни тұрғыдан іріктеу дағдысын меңгереді, педагогикалық ойлау мен практиканы дамытуда зерттеу нәтижелерін пайдалану дағдыларын қалыптастырады, зерттеулерге негізделген оқыту мен білім алуға, сондай-ақ осы дағдыларды үздіксіз дамытып, өздерін кәсіби тұрғыдан жетілдіруге ықпал етуге дайын болуы тиіс.			1) педагогиканың табиғатын және оның негізгі терминологиясын біледі 2) педагогикадағы негізгі зерттеу салаларын анықтайды және күнделікті өмірдегі ойлау мен ғылыми білім арасындағы айырмашылықты түсінеді 3) білім беру саласындағы өзгерістерді бақылап отырады және олардың сіздің мұғалім ретіндегі жұмысыңызға қалай әсер ететінін қарастырады.				

КӘСІПТЕНДІРУ ПӘНДЕРІ (КП)

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ КОМПОНЕНТІ (ЖООК)

Пәндер	Пәннің коды	Пәндер атауы	Кредит	Семест	Пререквизит	Постреквизиттер	Бақылау
--------	-------------	--------------	--------	--------	-------------	-----------------	---------

циклі			саны	р	тері	i	нысаны
КП	BMOTDSTO 2303	Бастауыш мектеп оқушыларының танымдық дамуы және сыни тұрғыдан ойлауы	4	4	Психология	Бастауыш мектеп оқушыларына STEAM білім беру, Бастауыш мектеп оқушысының зерттеу қызметін дамыту, Бастауыш сыныптарда жобаларды құру	Емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
Болашақ мұғалімдер сыни тұрғыдан ойлауды танымдық дағды ретінде тұтас түсінеді, сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын көрсетеді және әртүрлі пәндерде әртүрлі стратегиялар арқылы, сондай-ақ бастауыш сыныптардың сабақтан тыс әрекетінде сыни тұрғыдан ойлауды дамытады, сонымен қатар бастауыш сынып оқушыларының сабақтан тыс іс-шараларында			1) бастауыш сынып оқушыларының танымдық қабілеттерін сипаттайды; 2) ақпаратты жаңа жағдайларда, соның ішінде өзгеретін жағдайларда да қолданады; әртүрлі идеяларды талқылап, сыни тұрғыдан ой елегінен өткізеді; 3) бастауыш сынып оқушыларының сыни тұрғыдан ойлауын дамыту стратегияларын өз сабақтарында қолданады; 4) шығармашылық жағдаяттарды шешу үшін заттар мен құбылыстардың жаңа көрінісін жасайды және ұсынады; 5) топта жұмыс істеу дағдыларын көрсетеді.				
КП	BMP2304	Бастауыш мектеп педагогикасы	5	3	Психология, Балалардың жасерекшелік және физиологиялық даму ерекшеліктері	Білім беру туралы ғылым және оқытудың негізгі теориялары, Инклюзивті білім беру ортасы, Бағалау және дамыту, Оқыту әдістері мен технологиялары, Оқытуды	

						жоспарлау және оқытуды дербестендіру, Шағын жинақталған бастауыш мектептегі білім беру үдерісінің ерекшеліктері, Этнопедагогика	
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
Курста бастауыш мектеп педагогикасы, жалпы даму заңдылықтары, жастық кезеңдер, оның ішінде мектепке дейінгі және бастауыш мектеп оқушыларының кезеңдері, педагогикалық үдерістің ерекшеліктері, оқытудың мәні мен мазмұны, оқыту әдістері, түрлері мен нысандары, тәрбиелеу үдерісінің мәні, тұлғаға бағытталған тәрбиелеу, мектептегі оқу үдерісін диагностикалау мәселелері қарастырылады			1) балалық шақтың құндылығын түсінеді және бастауыш мектеп оқушысының тұлға болып қалыптасуына жеке үлесін біледі; 2) бастауыш мектептегі педагогикалық жағдаяттарды жобалайды; 3) бастауыш мектеп жасындағы балаларды оқыту мен тәрбиелеудің ерекшеліктерін түсінеді; 4) педагогиканың негізгі білімдерін бастауыш мектеп тәжірибесінде қолданады; 5) бастауыш мектептегі педагогикалық шындықта негізделген шешімдерді қабылдайды; 6) бастауыш сынып оқушыларын оқыту мен тәрбиелеудің мазмұнын, әдістерін, құралдарын, нысандарын жас, жеке ерекшеліктерімен салыстырады.				
КП	ВМТZhTT 2306	Бастауыш мектептегі тәрбиелеу жұмысының теориясы және технологиясы	5	3	Психология, Балалардың жасерекшелік және физиологиялық даму ерекшеліктері	Инклюзивті білім беру ортасы, Қауіпсіз мектеп ортасы және баланың амандығы, Бос уақыт педагогикасы, Мектеп буллингін алдын алу	Емтихан

Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
Курста ұлттық құндылықтар негізінде бастауыш мектепте тәрбие жұмысы технологиясының теориялық негіздері, тәрбие үдерісінің мәні, оның нысандары мен әдістері ашылады, отандық және шетелдік педагогикалық теория мен практикада тәрбиелеудің заманауи тұжырымдамалары және үлгілері ұсынылады			1) балаларды әлеуметтендіру мен дамытудың факторы ретіндегі тәрбиелеудің қазіргі тұжырымдамалары мен үлгілеріне, мектептің тәрбие жүйесіне, мақсат қою және жоспарлау, бастауыш мектепте тәрбие жұмысын ұйымдастыру және жүргізуге сипаттама береді; 2) тәрбиелеу үдерісінің мәнін, тәрбиелеу нысандарын, әдістері мен құралдарын түсіндіреді; 3) сынып ұжымындағы оқушылардың өзара әрекеттесу белгілерін, сынып жетекшісінің пән мұғалімдерімен, балалар бірлестіктерімен қарым-қатынасын анықтайды, сыныптан тыс тәрбие жұмысының тиімділік критерийлерін анықтайды; 4) оқушылардың тәрбие деңгейін және сынып ұжымының, оқуының даму деңгейін диагностикалауды, зерттейді; 5) ұлтты және аймақтық құрамдас бөліктерді ескере отырып, бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеудің негізгі бағыттары бойынша тәрбие жұмысының жоспары мен сыныптан тыс тәрбие жұмыстарының сценарийін әзірлейді; 6) өзін-өзі бағалау құралдарын пайдалан отырып, оқу жұмысын талдайды және бағалайды.				
КП	MDBMZhP 2310	Мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасы психологиясы	5	3	Психология	Білім берудегі психология және өзара әрекеттесу мен коммуникация тұжырымдамалары	Емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
Курс бала психологиясының бүкіл қалыптасуы мен дамуының іргелі жетістіктерін, мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы баланың психикалық дамуының әлемдік және отандық теорияларын талдауды қамтиды. Курс тек теориялық білімді ғана емес, сонымен қатар мектеп жасына дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы баланың психикалық әрекетінің әртүрлі салаларын және жеке тұлғасын зерттеу және диагностикалау әдістерін			1) мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы баланың дамуын зерттеудің негізгі ұғымдары мен теориялық тәсілдерін түсіндіреді; 2) мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы психикалық даму заңдылықтары мен тетіктерін, симптомдық кешендерді, жасқа байланысты синдромдарды, жаңадан пайда				

меңгеруге көмектеседі	болуларды сипаттайды; 3) мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы баланың психомоторлы, танымдық, зияткерлік, тұлғалық жүйелерінің психикалық дамуы туралы мәліметтерді түсіндіреді; 4) мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы тұлғаның әртүрлі қызметтері мен салаларының дамуына әсер ететін факторларды талдайды; 5) диагностикалық әдістерді таңдайды және оларды мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы баланың психикасының әртүрлі салаларының даму деңгейін өлшеу үшін қолданады.
-----------------------	---

ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР (ТАҢДАУ КОМПОНЕНТІ) (ЭП)

Пәндер циклі	Пәннің коды	Пәндер атауы	Кредит саны	Семестр	Пререквизиттері	Постреквизиттері	Бақылау нысаны
КП	BBBZT 2318	Бастауыш білім берудегі заманауи технологиялар	3	3	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Оқыту әдістері мен технологиялары, Бастауыш сыныптардағы қашықтықтан оқыту, Бастауыш білім берудегі цифрлық оқыту және медиасауаттылық, Бастауыш мектепте мазмұнға және тілге кіріктірілген оқыту (CLIL)	Емтихан

Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
Курс бастауыш сынып оқушыларын оқытудың әртүрлі технологияларын қолданумен байланысты пәндік құзыреттіліктерді қалыптастыруға, сондай-ақ бастауыш білім берудің заманауи тәсілдерін түсінуге бағытталған. Болашақ мұғалімдер білім беру саласындағы озық тәжірибелер мен ғылыми зерттеулерді зерделеу арқылы оқытудың технологияларымен, соның ішінде оқыту мен тәрбиелеудің баламалы тәсілдерімен танысады. Педагогикалық практикада және практикалық жаттығуларда кейбір зерттелген қазіргі білім беру технологияларының технологиялық үдерісін пайдалана отырып, кейбір стратегияларды қолдана алады			1) денсаулық сақтау, ойын, ақпарат және коммуникация, жоба әрекеттерін анықтайды және негізгі белгілері бойынша олардың айырмашылықтарын түсіндіреді; 2) әрбір оқушымен оқу нәтижелеріне қол жеткізу үшін практикалық сабақтарда кейбір технологиялық үдерістерді қолданады; 3) қолайлы және инклюзивті, қауіпсіз мектеп ортасын құру және өмір бойы оқытуды қолдау үшін технологияларды таңдауды негіздейді; 4) оқытылған педагогикалық технологиялар негізінде сабақтың үзіндісін жобалайды және оны симуляциялық сабақ жағдайында ойнатады; 5) сабақ үзінділерін жобалау кезінде топта жұмыс істеу дағдыларын және мұғалім рөлінде сабақ үзіндісін ұсыну қабілетін көрсетеді.				
КП	ВВВТ 2319	Бастауыш білім берудегі тьюторлық	3	3	жоқ	Инклюзивті білім беру ортасы, Community Service	Емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
Курс зияткерлік, физикалық, мінез-құлық, сондай-ақ дарынды және оқуда қиындықтары бар әртүрлі қажеттіліктері бар балалар үшін орта құру құзыреттіліктерді меңгеруге бағытталған. Болашақ мұғалім бастауыш сынып оқушыларын оқыту мен тәрбиелеудегі инклюзивті, біріктірілген тәсілдерді ескеруді, сондай-ақ әрбір оқушының игілігі мен дамуы мен қолдауы үшін ата-аналармен және әріптестермен жұмыс істеуді үйренеді			1) тьюторлық қызмет туралы нормативтік-құқықтық және теориялық білім қимасында балалардың меншік оқытудағы ерекше қажеттіліктерін ескереді; 2) бастауыш сынып оқушыларына тьюторлық қолдау көрсету дағдыларын көрсетеді; 3) педагогикалық этиканы және әдептілігін сақтай отырып, әртүрлі бейінді мамандармен студенттердің мәселелерін талқылайды және шешеді; 4) сараланған, біріктірілген және студентке бағытталған көзқарас тұрғысынан білім алушылардың қажеттіліктерін сипаттайды; 5) мамандардың көмегімен арнайы білім беру қажеттіліктері				

			бар әрбір студент үшін жеке траекториясын құрады және өздерінің біліктілігі аясында қолдау мен бағыт-бағдар береді.				
КП	BMR 2330	Бастауыш мектептегі робототехника	4	4	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, Бастауыш білім берудегі заманауи технологиялар	Бастауыш білім берудегі цифрлық оқыту және медиасауаттылық	Емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
Бұл курс ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кәсіби қызметте, оқуда және күнделікті өмірде құрал ретінде пайдалану дағдыларын дамытуға бағытталған			1) бастауыш сынып оқушыларын оқыту үшін дизайн, физика, инженерия және т.б. білім негіздерін көрсетеді; 2) робот-техникалық құрылғылардың жұмыс істеу қағидаларын және конструкциясын қолданады; 3) құрастыру дағдыларын және негізгі бағдарламалау дағдыларын пайдаланады; 4) әртүрлі бағдарламалау тілдерін қолданады; 5) схемалармен және электроникамен жұмыс істейді; 6) электр тоғымен жұмыс істеу кезіндегі өмір қауіпсіздігі туралы білімдерін талдайды және өз жұмысында қолданады.				
КП	ТР 2331	Театрлық педагогика	4	4	Бастауыш мектеп педагогикасы	Бастауыш мектептегі арт білім беру	Емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
"Театр педагогикасы" курсы студенттерді театрландырылған іс-әрекет ұғымымен таныстыруға мүмкіндік береді; мектепке дейінгі білім беру мекемесінде театрды нәр түрліт үрлерін ұйымдастырудың технологиялары мен әдістемелерін зерделеу; зерттелетін пәнге шығармашылық қатынасты қалыптастыру; кәсіптік білім беру қажеттіліктерін дамытады.			1) театр мен мектеп педагогикасындағы ортақ және ерекше белгілерді салыстырады; 2) оқу материалын сахналайды; 3) өз бойында және білім алушыларда актерлік қасиеттерді қолдайды және дамытады; 4) балалармен бірге театрландырылған қойылым жасайды; 5) театр өнерінің құралдарын сыныптан тыс және бос уақытты өткізуде пайдаланады.				
КП	КМОВА 2332	Қауіпсіз мектеп ортасы және баланың амандығы	4	4	Бастауыш	Этнопедагогик	Емтихан

					мектептегі тәрбиелеу жұмысының теориясы және технологиясы	a, Community Service	
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
Болашақ мұғалімдер мектеп ортасындағы амандық туралы тұтас көзқарасқа ие болады, бастауыш сынып оқушыларын оқыту мен тәрбиелеу саласындағы нақты педагогикалық мәселелерді шешудің стратегиялары мен технологияларын үлгілей алады. Курс инклюзивті және тұлғаға бағдарланған тәсілдерді ескере отырып, белгілі бір мектептің жағдайына және оқушылардың мүмкіндіктеріне сәйкес оқытудың нысандарын, әдістерін және технологияларын бастауыш мектепте тиімді пайдалану дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді			1) позитивті педагогика мен білім берудегі инклюзивті көзқарас негізінде педагогикалық жағдаяттарды орынды шешеді; 2) бастауыш сынып оқушыларын оқыту мен тәрбиелеуде қолдау және табысқа жету үшін, сондай-ақ ата-аналармен және әріптестермен бірлесіп жұмыс істеу үшін педагогикалық әдістерді қолданады; 3) кәсіби қызметте педагогикалық этика мен әдепті сақтайды; 4) педагогикалық жағдайлар негізінде, сондай-ақ педагогикалық тәжірибе шеңберінде қолайлы атмосфераны құрады және педагогикалық дауларды шешеді; 5) балалардың құқықтары мен міндеттері туралы білімдерін қолданады және мектеп ортасында баланың құқықтарын құрметтейді; 6) өмір бойы үздіксіз білім алады.				
КП	BUP 2333	Бос уақыт педагогикасы	4	4	Бастауыш мектептегі тәрбиелеу жұмысының теориясы және технологиясы	Этнопедагогика	Емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
Курс болашақ мұғалімдерді бастауыш мектеп жасындағы балалардың бос уақытын ұйымдастырумен таныстырады. Бұл қызметтің тарихи, мәдени, педагогикалық, құқықтық негіздері қарастырылады			1) бос уақытты ұйымдастырудың тарихи, мәдени, педагогикалық, құқықтық негіздерін, бастауыш мектеп жасындағы балалардың бос уақытын ұйымдастырудың нысандарын (демалыс, жазғы/қысқы лагерь, жазғы мектеп және т.б.), олардың бос уақытындағы тәртібінің үлгілерін сипаттайды; 2) бастауыш сынып оқушыларының бос уақытын ұйымдастырудың педагогикалық, психологиялық,				

			ұйымдастырушылық және басқарушылық тұстарын түсіндіреді; 3) бастауыш сынып оқушыларының бос уақытын ұйымдастырудың негізгі стратегиялары мен технологияларын қолданады; 4) бастауыш сынып оқушыларының бос уақытын ұйымдастырады.				
КП	МБАА 2334	Мектеп буллингін алдын алу	4	4	Бастауыш мектептегі тәрбиелеу жұмысының теориясы және технологиясы	Этнопедагогика	Емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
Курстың мақсаты – қолайлы орта қалыптастыру, болашақ мұғалімдер арасында ұжымдық сыйластық қарым-қатынасты дамыту, қолайлы ахуал туғызу. Болашақ мұғалімдер балалық шақтың құндылығын, сүйіспеншіліктің маңыздылығын, бастауыш сынып оқушыларының амандығына қамқорлық жасау қажеттілігін түсінеді. Олар әдептілік танытып, педагогикалық этиканы ұстанады. Олар буллингтің кез келген көріністерінің алдын алады және ата-аналармен де, оқушылармен де сенімді қарым-қатынас орната отырып, білім беру ортасында қолайлы психологиялық ахуал құрады			1) педагогикалық жағдайлар мен мектеп тәжірибесіне сүйене отырып, буллинг белгілерін анықтайды және оның алдын алады; 2) эмпатия мен эмоционалды интеллект көрсете отырып, сыныпта қолайлы психологиялық ахуал туғызады; 3) оқушыларға агрессиямен, соның ішінде онлайн режимінде (кибербуллинг) күресуге көмектесуге дайын екендігін жеткізеді; 4) әдептілік пен педагогикалық этиканы көрсете отырып, мектеп жанжалдарын талқылайды; 5) мектеп жанжалдарының алдын алу бойынша нақты және біртұтас педагогикалық талаптарды құрады.				

3 КУРС

ПӘННІҢ СИПАТТАМАСЫ БАЗАЛЫҚ ПӘНДЕР (БП) ЖОҒАРЫ ОКУ ОРНЫ КОМПОНЕНТІ (ЖООК)

Пәндер циклі	Пәннің коды	Пәндер атауы	Кредит саны	Семестр	Пререквизиттері	Постреквизиттері	Бақылау нысаны
БП	BD 3201	Бағалау және дамыту	4	5	Бастауыш	Шағын	Емтихан

					мектеп педагогикасы, Инклюзивті білім беру ортасы	жинақталған бастауыш мектептегі білім беру үдерісінің ерекшеліктері	
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
Болашақ мұғалімдер оқу үдерісінде бағалаудың мәнін терең түсінеді және оқу үдерісінің әртүрлі кезеңдерінде этикалық түрде конструктивті бағалауды қамтамасыз ете алады және білім алушыларды бағалауға тарта алады. Болашақ мұғалімдер бағалаудың әртүрлі технологияларын, принциптерін, кезеңдерін, өз білім саласын бағалау құралдарын (қалыптастырушы және жиынтық бағалауды, өзін-өзі бағалауды, өзара бағалауды және т.б. қоса алғанда) анықтайды, саралайды және пайдаланады. Олар бағалауға қатысты өздерінің түсініктері мен тәжірибелерін сыни тұрғыдан бағалауға, талдауға және оларды әрі қарай дамытуға қабілетті			1) бағалау мен кері байланыстың әртүрлі әдістерін (мысалы, қалыптастырушы және қорытынды бағалау) жақсы біледі; 2) білім алушылардың білім беру құзыреттілігінің деңгейлерін анықтау мен тануда педагогикалық принциптерді қолданады; 3) білім алушылардың және әріптестерінің өзін-өзі бағалау және өзара бағалау дағдыларын дамыту жүйесін мойындайды және қолдана алады.				
БП	ОАТ 3207	Оқытудың әдісі мен технологиялары	5	5	Бастауыш мектеп педагогикасы, Бастауыш білім берудегі заманауи технологиялар	Бастауыш сыныптардағы қашықтықтан оқыту, Әдебиеттік оқуға оқытудың әдістемесі, Есептерді шешу бойынша практикумы бар математикаға оқыту әдістемесі, Бастауыш мектептегі бейнелеу өнері және еңбек, Шағын жинақталған	Емтихан

						бастауыш мектептегі білім беру үдерісінің ерекшеліктері, Бастауыш мектепте шет тілін оқыту әдістемесі,	
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
Болашақ мұғалімдер оқытудың стратегиялары мен әдістемелерін жан-жақты түсінеді және оларды нақты педагогикалық жағдайларға, мектептің нақты шарттарына және оқушылардың мүмкіндіктеріне сәйкес келетін инновациялық әдістермен жоспарлауда, оқытуда және бағалауда қолдана алады. Болашақ мұғалімдер білім беру үдерісінің әртүрлі кезеңдерінде қолайлы инклюзивті, физикалық және онлайн оқыту ортасын құра алады. Болашақ мұғалімдер оқу материалдарын жоспарлау кезінде авторлық құқық пен деректерді қорғау ережелерін түсінеді және қолдана алады. Болашақ мұғалімдердің дидактика, оқыту технологиялары мен оқушыларды ынталандыру әдістері бойынша қажетті білімдері бар, оқушыларға қажетті педагогикалық көмек көрсете алады			1) оқытуға сәйкес келетін педагогикалық үлгілерді таңдай алады; 2) технология беретін мүмкіндіктерді ескере отырып, оқыту әдістерін шығармашылықпен және әр түрлі етіп қолдана алады; 3) оқытуда тиісті инклюзивті ортасын қолдана алады; 4) білім алушыларды ынталандыру және олардың оқудағы жетістіктерін қолдау үшін жетекшілік әдістерін қолданады.				
БП	OZhDO 3208	Оқытуды жоспарлау және дербес оқыту	4	5	Бастауыш мектеп педагогикасы, Білім берудегі психология және өзара әрекеттесу мен коммуникация тұжырымдамалары, Инклюзивті білім беру ортасы	Әдебиеттік оқуға оқытудың әдістемесі, Есептерді шешу бойынша практикумы бар математикаға оқыту әдістемесі, Бастауыш мектептегі бейнелеу өнері және еңбек, Шағын	Емтихан

						жинақталған бастауыш мектептегі білім беру үдерісінің ерекшеліктері, Бастауыш мектепте шет тілін оқыту әдістемесі,	
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
Болашақ мұғалімдер өздерінің оқыту саласындағы білім беру бағдарламаларымен, сондай-ақ кәсіпкерлік пен тұрақты даму сияқты білім берудің белгілі бір деңгейін дамытудың педагогикалық қағидаларымен және қиылысатын тақырыптарымен таныс. Болашақ мұғалімдерде педагогикалық және өз бетінше ізденістерге негізделген оқыту технологияларын қолдану және оқыту үдерісіне оқушылардың жан-жақтылығын және инклюзия қағидаларын ескере отырып, оқытуды дараландыру дағдылары бар			1) білім беру бағдарламасының негізгі қағидалары мен талаптарын өзінің оқыту саласында түсінеді және оларды оқу іс-әрекетін жоспарлау және өткізу кезінде қолданады; 2) білім алушылардың оқуына әсер ететін факторлар мен жағдайларды анықтайды; 3) білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып және олардың тұлғалық және өзін-өзі құрметтеуді дамытуды қолдау, оның ішінде кәсіптік бағдар беруді ескере отырып, инклюзивтік, оқытуды және көшбасшылықты даралау (оқу бағдарламаларын бейімдеу, сараланған сабақтарды әзірлеу) қағида-тарын тәжірибеге енгізеді.				

**КӘСІПТЕНДІРУ ПӘНДЕРІ (КП)
ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ КОМПОНЕНТІ (ЖООК)**

Пәндер циклі	Пәннің коды	Пәндер атауы	Кредит саны	Семестр	Пререквизиттері	Постреквизиттері	Бақылау нысаны
КП	АООА 3301	Әдебиеттік оқуға оқытудың әдістемесі	5	6	Оқыту әдістері мен технологиялары, Оқытуды жоспарлау және оқытуды	Балалар әдебиеті және мәтінді талдау, Сөйлеу қабілетін қалыптастыру	Емтихан

					дербестендіру	бойынша практикум	
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
Бұл пән балалар әдебиетінің негіздерін меңгеруге бағытталған			Бастауыш сынып оқушыларының іс-әрекетін ұйымдастыру кезінде әдеби білім берудің заманауи технологияларын пайдаланады, алға қойылған міндеттерге және бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту әдістері мен іс-әрекетті ұйымдастыру нысандарын қолдана отырып, жұмыстың міндеттері мен мазмұнын негізді анықтайды.				
КП	ВМОТВВА 3302	Бастауыш мектеп оқушыларына тілдік білім беру әдістемесі	6	5	Қазіргі қазақ/орыс тілінің негіздері	Сөйлеу қабілетін қалыптастыру бойынша практикум	Емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
Бұл пән бастауыш сынып оқушыларының тілдік білім негіздерін меңгеруіне бағытталған. Курстың мазмұны бастауыш сынып оқушыларына ана тілін оқытудың әдістемесі мен технологияларын қарастырады			1) оқытудың әр кезеңінде ана тілін оқытудың міндеттері мен мазмұнын негізді анықтай отырып, алға қойылған міндеттерге сәйкес оқыту әдістері мен іс-әрекетті ұйымдастыру нысандарын пайдалана отырып, бастауыш сынып оқушыларының тілдік білім беру үдерісін жоспарлайды және жүзеге асырады; 2) ана тілін меңгерудегі қиындықтардың себептерін анықтап, оны жеңу бағытында жұмыс жасайды; 3) ана тілінде тыңдау, айту, оқу, жазу дағдыларын қалыптастырады; 4) критериялды бағалауды қолдана отырып, оқушылардың ана тілін меңгерудегі жетістіктерін айтады және болжайды.				
КП	ВМZhDOA 3305	Бастауыш мектептегі жаратылыстану және дүниетануға оқыту әдістемесі	6	5	Бастауыш мектеп педагогикасы	Өлкетану	Емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
Курс бастауыш сыныптарда оқыту әдістемесін игеруде жаратылыстану және дүниетану саласындағы теориялық білімдерін қолдануға бағытталған. Курсты оқу барысында болашақ мұғалімдер бастауыш сынып оқушылардың оқуы және тәрбие саласындағы дағдыларын жетілдіреді. Қоршаған ортаны танудың			1) бастауыш сынып оқушыларында қоршаған әлем туралы тұтас көзқарас қалыптасуы үшін оқытылатын пәннің оқу материалын пайдаланады; 2) дүниетану мен жаратылыстану негіздеріне байланысты				

әмбебап әдістері мен қазіргі жаратылыстану заңдылықтары туралы ойлар қалыптасады. Болашақ мұғалімдер бастауыш сыныптарда дүниетану және жаратылыстану сабақтарын өткізудің әдістерін, нысандарын, амалдарын зерттейді			пәнаралық байланыстарды орнатады; 3) бастауыш сыныптарда оқуға бейімделген пән бойынша дидактикалық материал құрастырады; 4) пәндік білім бойынша практикалық сабақтар өткізу үшін ашық ауада экскурсиялар өткізеді; 5) бастауыш мектеп оқушыларын ғылыми-зерттеу іс-әрекетімен таныстыру арқылы балалар экспериментін пайдалана отырып, оқытуды ұйымдастырады. 6) қалыптастырушы бағалауды оқу құралы ретінде пайдаланады 7) қабілеті әртүрлі оқушыларға жиынтық бағалау тапсырмаларын құрастырады.				
КП	BSKO 3307	Бастауыш сыныптардағы қашықтықтан оқыту	3	6	Инклюзивті білім беру ортасы, Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, Бастауыш білім берудегі заманауи технологиялар, Оқыту әдістері мен технологиялары	Бастауыш білім берудегі цифрлық оқыту және медиасауаттылық	Емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
Курстың мақсаты – болашақ мұғалімдердің теориялық және әдістемелік білім саласындағы пәндік құзыреттілігін арттыру. Мұғалімдер пәндерді бағалау және оқыту әдістемесі туралы, сондай-ақ бастауыш сынып оқушыларын оффлайн және онлайн, оның ішінде шағын жинақталған мектептерде оқыту технологиялары туралы білім алады. Олар инклюзивті және тұлғаға бағдарланған әдіспен онлайн оқыту үшін білім беру мазмұнын құрай алады			1) инклюзивті және тұлғаға бағдарланған тәсілдерді ескере отырып, онлайн сабақтарын құрастырады және өткізеді; 2) оқытуды қолдауға бағытталған қашықтықтан оқытудың белсенді әдістерін таңдайды және қолданады; 3) критериялды бағалауға қойылатын талаптарға сәйкес қашықтықтан оқыту режимінде бағалаудың тиімді нысандарын				

және оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, қолдау мен амандыққа бағытталған қашықтық режимінде интерактивті өзара әрекеттесу үшін пәнаралық білімді қалай пайдалану керектігін үйренеді			таңдайды; 4) мектеп қауымдастығында желілік этикетті сақтайды; 5) барлық оқушылар үшін жоспарланған оқу нәтижелеріне қол жеткізе отырып, өзгермелі жағдайларда сабақтың мазмұны мен барысын өзгертуге қабілетті.				
КП	EShBPBMOA 3308	Есептерді шешу бойынша практикумы бар математикаға оқыту әдістемесі	6	6	Бастауыш мектеп педагогикасы, Оқыту әдістері мен технологиялары	Шағын жинақталған бастауыш мектептегі білім беру үдерісінің ерекшеліктері	Емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
Курс математиканы оқыту әдістемесі және есептерді шешу практикумы, математикалық ұғымдар мен фактілерді меңгеру, негізгі математикалық бағыттар бойынша теориялық және практикалық ақпаратты талдау, болашақ мұғалімдердің логикалық және алгоритмдік ойлауын дамыту, бастауыш сынып оқушыларының математикалық білімі мен функционалдық сауаттылығын дамыту саласында дағдыларды меңгеруге бағытталған			1) бастауыш математика курсымен негізгі математикалық ұғымдардың сабақтастығын біледі; 2) белсенді әдістерді қолдана отырып, бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесін меңгерген; 3) ақпарат көздерін пайдаланады, дәлелдейді, негіздейді, нәтижені тұжырымдайды; 4) есептер шығаруда графиктер, кестелер, сызбаларды құрастырады; 5) бастауыш сынып оқушылары үшін қиындығы жоғары шығармашылық, логикалық, практикалық тапсырмаларды талдайды және шеше біледі; 6) қалыптастырушы бағалауды оқу құралы ретінде пайдаланады; 7) қабілеті әртүрлі оқушылар үшін жиынтық бағалау тапсырмаларын құрастырады.				
КП	MBBTN 3309	Математикалық білім берудің тұжырымдамалық негіздері	5	6	Бастауыш мектеп педагогикасы	Өндірістік педагогикалық практика	Емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
Курста бастауыш сынып оқушыларына математиканы сауатты оқытуға қажетті математикалық материал берілген, математикалық ұғымдар мен фактілердің			1) натурал сан және шама ұғымдарына сипаттама береді; 2) сандарға арифметикалық амалдарды анықтаудың әртүрлі				

мәнін терең түсінуге ықпал етеді			тәсілдерін, олардың қасиеттерін түсіндіреді; 3) математикалық үлгілеуде қолданады; 4) геометриялық фигуралардың жазықтықтағы және кеңістіктегі қасиеттерін түсіндіреді; 5) мәтіндік, логикалық, аралас есептерді шешеді; 6) геометриялық есептерді шешеді.				
КП	SKZhOA 3311	Сауаттылық пен көркем жазуға оқыту әдістемесі	5	5	Қазіргі қазақ/орыс тілінің негіздері	Өндірістік педагогикалық практика	Емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
Бұл пән сауаттылыққа және көркем жазу негіздеріне оқыту негіздерін қалыптастыруға бағытталған			1) әліпбиге дейінгі, әліпбилік және әліпбиден кейінгі кезеңде тілдік білім беру үдерісін жоспарлайды және жүзеге асырады; алға қойылған міндеттерге сәйкес келетін оқыту әдістері мен оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру нысандарын қолдана отырып, сауат ашудың әрбір 3 кезеңінде оқытудың міндеттері мен мазмұнын негізді анықтайды; 2) бірінші сынып оқушыларында көркем жазу дағдыларын қалыптастырады және дамытады; 3) оқушылардың өзін-өзі бағалау және өзара бағалау дағдыларын қалыптастырады.				

ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР (ТАҢДАУ КОМПОНЕНТІ) (ЭП)

Пәндер циклі	Пәннің коды	Пәндер атауы	Кредит саны	Семестр	Пререквизиттері	Постреквизиттері	Бақылау нысаны
КП	BMBOE 3328	Бастауыш мектептегі бейнелеу өнері және еңбек	5	6	Бастауыш мектеп педагогикасы, Оқыту әдістері мен технологиялары	Өндірістік педагогикалық практика	Емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				

Курс болашақ мұғалімдердің шығармашылық қабілеттері мен көркемдік шеберліктерінің дамуын қамтамасыз ете отырып, бейнелеу өнері мен көркем шығарманы кіріктіруге бағытталған			1) шығармашылық жұмыста қауіпсіздік техникасы ережелерін қолданады; 2) өнер теориясы мен тәжірибесін оқыту принциптері туралы білімді қолдану; 3) қағаздан, матадан, табиғи материалдардан макет құру негізінде көркемдік-еңбек тапсырмаларын шешеді; 4) бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін оқыту әдістері мен дидактикалық материалды тандайды.				
КП	ВМABВ 3329	Бастауыш мектептегі арт білім беру	5	6	Бастауыш мектеп педагогикасы, Оқыту әдістері мен технологиялары	Өндірістік педагогикалық практика	Емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
Курсты оқу үдерісінде болашақ мұғалімдер ұлттық және аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып, өнердің әртүрлі түрлерін бастауыш мектепте пәндерді оқыту құралы ретінде пайдалана алады; баланың тұлғалық дамуын ескере отырып, оның дербестігін дамытуға қолдау көрсетеді. Бастауыш мектептің білім беру үрдісін зерттей және зерделей отырып, студенттер арт технологиялардың әртүрлі түрлерін пайдалана отырып, оқу-әдістемелік мазмұнды жасайды. Олар оқу үдерісін біріктіру және саралау үшін арт технологияларды пайдаланады			1) пәнаралық байланыстарды пайдалана отырып, бастауыш мектептің оқу үдерісіне арт-технологияларды енгізеді; 2) шығармашылық тапсырмаларды пайдалана отырып, бастауыш мектепке оқу материалын дайындайды; 3) оқу мақсатына жетуде өз көзқарасын дәлелдейді; 4) авторлық құқық пен деректерді қорғау нормалары мен қағидаларын сақтайды.				

4 КУРС

ПӘННІҢ СИПАТТАМАСЫ

КӘСІПТЕНДІРУ ПӘНДЕРІ (КП ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ КОМПОНЕНТІ (ЖООК))

Пәндер циклі	Пәннің коды	Пәндер атауы	Кредит саны	Семестр	Пререквизиттері	Постреквизиттері	Бақылау нысаны
КП	ТК 4312	Табиғат және қоғам	5	7	Әлеуметтану, Экология, тұрақты даму және тіршілік қауіпсіздігі	жоқ	Емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
Курста биология және экология, зоология, жертану, дүниетану салаларындағы білімдерді қамтитын тақырыптардың кең ауқымы берілген. Жертану мәселелері, географиялық заңдылықтар мен табиғат компоненттерінің арасындағы себеп-салдарлық байланыстар, ботаника мен зоология негіздері, жанды және жансыз табиғат пен адам арасындағы байланыстар қарастырылады			1) жер туралы ғылым, географиялық заңдылықтар, табиғат компоненттері арасындағы себеп-салдарлық байланыстар, ботаника мен зоология негіздері, тірі және жансыз табиғат пен адам арасындағы қатынастар мәселелері бойынша теория мен практиканы оқыту принциптері туралы білімді пайдалану; 2) өсімдіктердің жасушаларының, ұлпаларының және мүшелерінің құрылысын, құрылымдық ұйымдасуының әртүрлілігін, олардың көбею әдістерін, морфологиясының, экологиясының, өсімдіктердің көбеюінің ерекшеліктерін, жануарлардың негізгі кластарының ортақ белгілерін, омыртқасыздар мен омыртқалы жануарлардың тіршілік ету ортасы мен өмір сүру салтына байланысты ішкі және сыртқы құрылысының ерекшеліктерін, жануарлардың табиғаттағы және адам өміріндегі маңызын сипаттайды; 3) экологиялық, әлеуметтік және кәсіби мәселелерді шешуде жаратылыстану ғылымдарының әдістерін қолданады; 4) биологиялық объектілерді бақылайды; 5) әртүрлі физикалық құбылыстарды, заттардың қасиеттерін түсіндіру үшін алған білімдерін пайдаланды.				
КП	ShZhBMBBU E 4313	Шағын жинақталған бастауыш мектептегі білім беру үдерісінің ерекшеліктері	5	7	Бастауыш мектеп педагогикасы, Бағалау және дамыту, Оқыту әдістері мен технологиялары, Оқытуды	Өндірістік педагогикалық практика	Емтихан

					жоспарлау және оқытуды дербестендіру		
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
Бұл курс болашақ мұғалімдердің бойында шағын жинақталған мектепте сынып-толымдама жағдайында білім беруді ұйымдастырудың құзыреттіліктер блогын қалыптастырады			1) шағын жинақталған бастауыш мектеп жағдайында педагогикалық қарым-қатынаста оқушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере алады; 2) оқытудың сараланған және инклюзивті тәсілдерін ескере отырып, шағын жинақталған бастауыш мектеп педагогикалық үдерісті жоспарлайды және жүзеге асырады; 3) тұлғаға бағдарланған және инклюзивті тәсілдерді ескере отырып, әртүрлі жастағы сыныптарда белсенді оқыту және бағалау әдістерін қолданады; 4) барлық оқушылардың оқу мақсаттары мен нәтижелерін жүзеге асыруға ықпал ететін сабақтардың әртүрлі үлгілерін әзірлейді; 5) шағын жинақталған бастауыш мектепте көшбасшылық қасиеттерді көрсете отырып, педагогикалық үдерісті ұйымдастырады және басқарады.				

ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР (ТАҢДАУ КОМПОНЕНТІ) (ЭП)

Пәндер циклі	Пәннің коды	Пәндер атауы	Кредит саны	Семестр	Пререквизиттері	Постреквизиттері	Бақылау нысаны
КП	ВАМТ 4316	Балалар әдебиеті және мәтінді талдау	5	7	Әдебиеттік оқуға оқытудың әдістемесі	Өндірістік педагогикалық практика	Емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
Курс болашақ мұғалімдерді отандық және шетелдік балалар әдебиетінің дамуының негізгі кезеңдерімен, осы пәннің ғылыми теориясының маңызды ережелерімен таныстырады. Бастауыш сынып оқушыларының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін ескере отырып, балаларға арналған шығармаларды тәжірибеге бағытталған талдауға көп көңіл бөлінеді			1) балалар фольклорының жанрларының жіктелімін, балалар әдебиетінің теориялық негіздері мен құрылымдық-типологиялық ерекшеліктерін, балалар әдебиетінің мазмұнын, көркемдік ерекшеліктерін сипаттайды; 2) оқылған шығармалар туралы баламен оқытушылық және				

			тәрбиелік қарым-қатынас жасау дағдыларын, балалар әдебиеті шығармаларын мәнерлеп оқу дағдыларын меңгерген; 3) отандық және шетелдік балалар әдебиеті тарихының негізгі кезеңдерін және олардың қазіргі даму тенденцияларын салыстырады; 4) мәтінді филологиялық талдаудың жалпы қағидаларын ескере отырып, көркем шығармаларды талдайды; 5) шығарманың жас оқырмандардың психологиялық және жас категорияларына сәйкестігін бағалайды. 6) оқығаны бойынша шығармашылық эссе (эссе) жасайды және оны оқушыларға үйретеді.				
КП	SKKBP 4317	Сөйлеу қабілетін қалыптастыру бойынша практикум	5	7	Қазіргі қазақ/орыс тілінің негіздері, Педагогикалық риторика, Білім берудегі психология және өзара әрекеттесу мен коммуникация тұжырымдамалары, Бастауыш мектеп оқушыларына тілдік білім беру әдістемесі, Әдебиеттік оқуға оқытудың әдістемесі	Өндірістік педагогикалық практика	Емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
Пән болашақ мұғалімдердің сөйлеу әрекетін дамытуға бағытталған			1) сөйлеудің жан-жақты дамыту, балалардың әртүрлі қызығушылықтарын қалыптастыру мақсатында дидактикалық ойындар мен ойын жаттығуларын таңдайды, құрады және шығармашылықпен пайдаланады; 2) балалардың сөйлеу шығармашылығын (ертегілер ойлап табу, жұмбақтар құру және т.б.) басқарады;				

			3) өзінің сөйлеу мәнерін бақылайды және жетілдіреді, әртүрлі сөздіктерді, анықтамалықтарды және басқа да оқу құралдарын пайдаланады.				
КП	BBVCOM 4320	Бастауыш білім берудегі цифрлық оқыту және медиасауаттылық	5	7	Бастауыш білім берудегі заманауи технологиялар, Бастауыш мектептегі робототехника, Бастауыш сыныптардағы қашықтықтан оқыту	Өндірістік педагогикалық практика	Емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
Курс қауіпсіздікке және баланың эмоционалдық, психикалық және физикалық әл-ауқатына ықпал ететін ақпараттық мәдениеттің бөлігі ретінде медиа сауаттылықты түсінуге ықпал етеді. Пән сонымен қатар бастауыш сынып оқушыларын оқыту үшін цифрлық дағдыларды дамытуға бағытталған			1) бастауыш сыныптарда сабақ өткізу үшін сандық ресурстарды, оқу мазмұнын әзірлейді және пайдаланады; 2) медиа мәтіндерді түсінеді, жаңғыртады және пайдаланады; 3) оқушылардың медиа сауаттылығын дамыту мақсатында ақпаратты бағалайды және сыни тұрғыдан талдайды; 4) бастауыш сынып оқушыларының сыни тұрғыдан ойлауын дамытады; 5) гигиеналық талаптарға сай АКТ пайдалана отырып, сабақтар өткізеді.				
КП	BMOSBB 4321	Бастауыш мектеп оқушыларына STEAM білім беру	5	7	Бастауыш мектеп оқушыларының танымдық дамуы және сыни тұрғыдан ойлауы	Өндірістік педагогикалық практика	Емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
Бастауыш сынып оқушыларының зияткерлік қабілеттерін дамытуға бағытталған пәндердің өзара байланысын пайдалану қабілетін қалыптастыруға бағытталған			1) бастауыш сынып оқушыларының зияткерлік және шығармашылық дамуы үшін STEAM-білім беру туралы білімдерін қолданады; 2) сыни тұрғыдан ойлауды және басқа да метапәндік дағдыларды дамытуға бағытталған оқыту нысандарын, әдістерін				

			қолданады; 3) бастауыш мектеп жасындағы балалардың техникалық және шығармашылық ойлауын дамыта отырып, практикалық материалмен жұмыс істейді; 4) жаратылыстану ғылымдары мен өнердегі теориялық және қолданбалы дағдыларды біріктіре отырып, бастауыш сынып оқушыларына арналған топтық пәнаралық жобаны немесе зерттеу жұмысын әзірлейді.				
КП	BBZhK 4322	Білім берудегі жаһандық келешектер	5	7	Білім беру туралы ғылым және оқытудың негізгі теориялары	жоқ	Емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
Курста қоғам мен экономиканың дамуындағы жаһандық тенденциялардың білімге, оның ішінде бастауыш мектепке әсері мәселесі, қазіргі қоғамдағы бастауыш мектептердің рөлі қарастырылады, бастауыш білім беру саласындағы халықаралық тәжірибені және заманауи зерттеулерді салыстыру негізінде бастауыш білім берудің проблемалары мен тәуекелдері талданады			1) балалық шақтың құндылығы, үздіксіз білім алудың өмірдегі, табысқа жетудегі маңыздылығы, оптимизм және білім берудегі инклюзия туралы ойланып, мысалдар келтіреді; 2) бастауыш мектептегі білім берудегі идеялар мен мүмкіндіктерді бағалайды; 3) әртүрлі стратегияларды қолдана отырып, бастауыш білім берудегі әртүрлі тәжірибелерді салыстырады; 4) білім берудегі әлемде болып жатқан оқиғалар, балалардың өміріне әсер ететін негізгі мәселелер туралы өзінің жеке және ұжымдық идеялары негізінде өзінің немесе топтық көзқарасын дәлелдейді; 5) бастауыш білім беру перспективасын көрсететін топта жоба құрады.				
КП	BMOZKD 4323	Бастауыш мектеп оқушысының зерттеу қызметін дамыту	5	7	Зерттеулер, даму және инновациялар, Педагогикалық зерттеулер, Бастауыш мектеп оқушыларының танымдық дамуы	Өндірістік педагогикалық практика	Емтихан

					және сыни тұрғыдан ойлауы		
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
Курсты оқу барысында болалшақ мұғалім бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық және зерттеушілік әрекетін ұйымдастыра алады; әртүрлі зерттеулерді сыни тұрғыдан бағалап, бастауыш мектеп үшін оқу-әдістемелік мазмұнды құрастыра алады, топта жұмыс істеп, зерттеу дағдыларын көрсете алады			1) педагогикалық зерттеудің ғылыми аппаратын анықтайды және сипаттайды; 2) ғылыми зерттеу әдістерін жіктейді және оларды бастауыш сынып оқушылармен педагогикалық іс-әрекетінде қолданады; 3) әзірленген критерийлерге сәйкес білім алушылармен бірлесіп, ғылыми зерттеудің жеке және топтық жобасын құрады; 4) зерттеу нәтижелерін түсіндіреді және ұсынады және бұл дағдыларды балалар жобалары шеңберінде оқушыларға үйретеді; 5) зерттеудің этикалық нормаларын, академиялық адалдық қағидаларын сақтайды.				
КП	BSZhK 4324	Бастауыш сыныптарда жобаларды құру	5	7	Зерттеулер, даму және инновациялар, Педагогикалық зерттеулер, Бастауыш мектеп оқушыларының танымдық дамуы және сыни тұрғыдан ойлауы	Өндірістік педагогикалық практика	Емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
Курсты оқу барысында олар бастауыш сынып оқушыларының қызығушылықтары мен қабілеттеріне сүйене отырып, оқытудың инклюзивті, интеграцияланған және белсенді тәсілдеріне назар аудара отырып, жеке және ұжымдық жобалық әрекеттерді құруға және басқаруға үйренеді, олардың зерттеу қажеттіліктерін шығармашылық өнім құруға бағыттай алады			1) бастауыш мектеп оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, олардың жоба құру іс-әрекетін ұйымдастырады; 2) мектеп жобаларын ұйымдастыру үшін ғылыми-педагогикалық зерттеулердің әдістемесі бойынша білімдерін қолданады; 3) ғылыми жұмысқа қойылатын талаптарға сәйкес жобаны жоспарлайды және дайындайды; 4) өзін-өзі бағалау және өзара бағалау әдістерін қолдана отырып, бастауыш сынып оқушыларының ғылыми жұмыстарын бағалайды және критерийлерін әзірлейді;				

			5) ғылыми зерттеудің этикалық нормалары мен қағидаларын сақтайды.				
КП	BMShtoA 4325	Бастауыш мектепте шет тілін оқыту әдістемесі	4	7	Шетел тілі, Бастауыш мектеп педагогикасы	Өндірістік педагогика лық практика	Емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
Бұл пән бастауыш мектепте шет тілін (ШТ) оқыту негіздерін қалыптастыруға бағытталған			1) сөйлеу әрекетінің 4 түрі (тыңдау, айтылым, оқылым, жазылым) негізінде бастауыш сынып оқушыларының тілдік білім беру үдерісін (ТЗ) жоспарлайды және жүзеге асырады; 2) бастауыш сынып оқушыларына шет тілін оқытудың міндеттері мен мазмұнын анықтайды; 3) алға қойылған міндеттерге сәйкес бастауыш сынып оқушыларына шет тілін оқытудың әртүрлі әдістері мен технологияларын қолданады; 4) білімді ана тілімен кіріктіреді, көптілділікке қызығушылықтарын оятады.				
КП	BMMTKO 4326	Бастауыш мектепте мазмұнға және тілге кіріктірілген оқыту (CLIL)	4	7	Бастауыш білім берудегі заманауи технологиялар	Өндірістік педагогика лық практика	Емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
Пән бастауыш мектепте CLIL (Content and Language Integrated Learning) пәндік-тілді кіріктірілген оқытуды қалыптастыруға бағытталған			Екінші тілді (Т2) басқа пәндерді меңгеру құралы ретінде пайдаланады, осылайша, оқушының бойында оқуға деген қажеттілігі қалыптастырылады да, ол өзінің қарым-қатынастағы, оның ішінде ана тіліндегі қабілеттерін қайта қарап, дамытуға мүмкіндікті иеленеді.				
КП	ShtMAVMO 4327	Шет тілі мен мәдениеті әлеміндегі бастауыш мектеп оқушысы	4	7	Шетел тілі, Мәдениеттану	жоқ	Емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
Бұл пән шет тіліне мәдениет арқылы және мәдениетке тіл арқылы оқыту негіздерін қалыптастыруға бағытталған			1) алға қойылған міндеттерге сәйкес келетін оқыту әдістері мен білім алушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру нысандарын пайдалана отырып, оқытудың әрбір бастапқы кезеңінде оқытудың				

			міндеттері мен мазмұнын негізді анықтай отырып, шет тілін оқыту үдерісін жоспарлайды және жүзеге асырады; 2) бастауыш сынып оқушыларында балалардың тіл және елтану негіздерін қалыптастырады және дамытады.				
КП	Etn 4335	Этнопедагогика	5	7	Бастауыш мектеп педагогикасы	Өндірістік педагогикалық практика	Емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
Курс болашақ мұғалімдерді халықтық тәлім-тәрбие дәстүрлерінің шығу тегімен, мәнімен, ерекшеліктерімен және практикалық маңызымен, қазіргі тәрбие парадигмаларына халықтық педагогиканың әсерімен, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетімен таныстырады			1) бастауыш мектеп жасындағы балаларда қазақстандық ұлттық құндылықтарды қалыптастырады; 2) этникалық өзіндік сананы қалыптастыру мақсатында халық дипломатиясы, халықтық этикет туралы білімдерін сабақта қолданады; 3) білімнің пәнаралық саласы ретінде этнопедагогиканың мәнін ашатын негізгі ұғымдарды түсіндіреді; 4) білім алушылардың бойында ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда халықтық дәстүрлерді, халық өнерін, тәрбиенің этнопедагогикалық құралдары мен әдістерін қолданады.				
КП	Olk 4336	Өлкетану	5	7	Бастауыш мектептегі жаратылыстану және дүниетануға оқыту әдістемесі	жоқ	Емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
Курс болашақ мұғалімдерді мектептегі оқу үрдісінде және сыныптан тыс жұмыстарда бастауыш сынып оқушыларымен өлкетану жұмыстарын ұйымдастырудың ерекшеліктерімен таныстырады			1) оқушылардың жас ерекшеліктерін, бастауыш мектептегі өлкетану жұмыстарының түрлері мен ұйымдастыру нысандарын ескере отырып, өлкетану ақпаратының мазмұны мен көлемін сипаттайды; 2) бастауыш мектеп оқушысының рухани тұлғасын тәрбиелеу және оның шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін өз өлкесінің тарихи-өлкетану әлеуетін пайдаланады; 3) сабақта және мектептен тыс жұмыстарда туған жерді зерделеу жоспарын әзірлейді және жүзеге асырады;				

			4) өлкетану мәселелері бойынша шығармашылық ізденіске жетекшілік ететін қосымша білім беру педагогтарының, оқушылардың ата-аналарының, мектеп мұғалімдерінің бастауыш мектеп оқушылармен бірлескен жұмысын ұйымдастырады.				
КП	CS 4337	Community Service	5	7	Бастауыш білім берудегі тьюторлық, Қауіпсіз мектеп ортасы және баланың амандығы	жоқ	Емтихан
Пәннің қысқаша сипаттамасы			Күтілетін нәтижелер				
Қазіргі жағдайда Қазақстанның білім беру жүйесінде құндылықтарды дүниетанымдық көзқарастарды дамытуға және Қазақстанның белсенді, саналы және құзыретті азаматтарын қалыптастыруға бағытталған оқушылармен жұмыстың әртүрлі нысандарын оқу-тәрбие процесіне кіріктіру қажеттілігі артып отыр. Бұл пән студенттердің әлеуметтік тәжірибесін қалыптастырады, волонтерлік қызметке қатысу арқылы гуманизмге, моральдық-этикалық құндылықтарға тәрбиелейді. Курсты меңгеру нәтижесінде студент әлеуметтік-коммуникативтік құзыреттіліктерді меңгереді			1) әлеуметтік жауапкершілікті дамыту; 2) волонтерлік және командалық жұмыстың практикалық дағдыларын дамыту; 3) этикалық және моральдық бағдарларды қалыптастыру; қоғамдастықтың игілігі үшін жобаларды ұйымдастыра және іске асыра білу; 4) жеке қасиеттерін дамыту; 5) азаматтық белсенділікті арттыру.				

Уважаемый обучающийся Казахстанско-Американского свободного университета!

Перед Вами находится **Каталог дисциплин** Вашей образовательной программы.

Каталог дисциплин – систематизированный аннотированный перечень всех дисциплин за весь период обучения, содержащий их краткое описание с указанием ожидаемых результатов обучения. В каталоге дисциплин отражают пререквизиты и постреквизиты каждой учебной дисциплины. Каталог дисциплин составляется для обучающихся с целью создания возможности самостоятельного, оперативного, гибкого и всестороннего формирования индивидуальной траектории обучения. Каталог дисциплин, по сути, является помощником при составлении обучающимся индивидуального учебного плана (ИУП).

При кредитной технологии обучения все учебные дисциплины делятся на 3 цикла – Общеобразовательные (ООД), Базовые (БД) и Профилирующие (ПД). Внутри каждого из этих циклов учебные дисциплины подразделяются на 3 вида – Обязательный компонент, Вузовский компонент и Компонент по выбору (элективные, т.е. выбираемые учебные дисциплины).

